

#КүшімізБірлікте

Менің ұстанымым: қоғамда заң мен тәртіп болса ғана ел ішінде үйлесім, бейбіт өмір болады. Заң – кез келген өркениетті қоғамның басты өлшемі. Заң үстемдік құрғанда ғана әділетті қоғам қалыптасады. Біз міндетті түрде бұған қол жеткізуіміз керек.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ҚАСИЕТТІ ҚОЛӨНЕР



ҚАЗАҚТЫҢ ҚҰРАҒЫ

тіл мен көзден сақтайтын тұмар іспетті

7

СПОРТ



ҚАЗАҚ – РУХТЫ ХАЛЫҚ

12

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 18 ақпандағы мәлімет бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен
1 082 745

II компонентпен
1 050 014

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 18 ақпандағы мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА

I компонентпен – **9 330 732** адам,
II компонентпен **8 915 188** адам
вакцина салдырды.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

19.02.2022

Түнде:



-8-10 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



0 градус шамасында °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

20.02.2022

Түнде:



-5-7 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+2+4 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №19 (6154) 19 ақпан, сенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІ БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

Оны көздің қарашығындай сақтау – ортақ парызымыз

Президенттің ой-орамдарынан:



Біз ешкімге ештеңе де қарыз емеспіз. Қазақстан – егемен мемлекет. Сондықтан саясатымыз да дербес...

Бұл дүниеде қазақтардың тағдырын тек өзіміз ғана шешеміз. Біз үшін жалғыз ғана мемлекет бар. Ол – Қазақстан. Бұл – біздің қасиетті Отанымыз. Басқа Отанымыз жоқ. Отанын қорғау, халқының амандығын сақтау – әр азаматтың борышы. Осыны ұмытпауымыз керек.

Қазақстанның болашағы жарқын болатыны сөзсіз. Мен бұған кәміл сенемін. Еліміздің Тәуелсіздігі бәрінен қымбат.



Газетіміздің бүгінгі санынан Мемлекет басшысының Қазақстан ұлттық арнасына берген сұхбатын оқыңыздар.

2-3-4

СПОРТ

WINTER RUN 2022

Ертең марафон өтеді



20 ақпанда өтетін жылдың алғашқы марафонына алдын ала тіркеліп, барлық ниет білдіргендер қатыса алады. Марафон жолы үш топқа бөлінеді: балалар үшін 3 шақырым, ересектер үшін 10 шақырым және скандинав жүрісі бойынша 7 шақырым.

Басталу уақыты:
08.00 – 3 шақырым қашықтықтың басталуы;
08.45 – 10 шақырым қашықтықтың басталуы;
08.50 – 7 шақырым скандинавтық жаяу жүрудің басталуы.

Қысқы жүгіруді ұйымдастыру комитеті қала тұрғындары мен қонақтарына 20 ақпан күні сағат 05.00 пен 13.00 аралығында жарыс дистанциясы өтетін жолдардың жартылай жабылатынын хабарлайды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚЫСҚА...

- Қазақстандағы мерекелік күндер тізімінде 18 қараша – Ұлы қоныс аудару күні пайда болды.
- Райымбек Баталов «Атамекен» ҰКП-ның жаңа президиум төрағасы болып сайланды.
- 1 наурызда Nur Otan партиясының кезектен тыс съезі өтеді.
- Алматы маңынан қаңтардағы тәртіпсіздіктер кезінде ұрланған қару-жарақ табылды.
- Елде соңғы аптада 68 келі алтын сатылды.
- Алматыда бірнеше көшені Үлкен Алматы айналма жолына дейін ұзарту үшін Ұлттық қордан 8 млрд. теңге бөлінді. Жалпы 2030 жылға дейін Алматыда 38 көше ұзартылады.

www.almaty-akshamy.kz



ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!





Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Qazaqstan ұлттық арнасына берген сұхбаты

БІЗДІҢ БІР ҒАНА ОТАНЫМЫЗ

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, Qazaqstan ұлттық телеарнасына сұхбат беруге келісім бергеніңіз үшін Сізге көп рахмет! Сіздің алдыңғы сұхбатыңыз орыс тілінде болды. Баспасөз хатшыңыздың айтуынша, ол сұхбат халықаралық аудиторияға арналған. Бұл жолы қай аудиторияға арналады? Осындай бөле-жару қазақ тілін кемсіту болып есептелмей ме?

– Бұл ешқандай да кемсітушілік немесе менсінбеушілік емес. Осыған дейін көптеген телеарна менен бірнеше рет сұхбат беруді сұраған болатын. Мен олардың ешқайсысына келіскен жоқпын. Кейін тек «Хабар» арнасына ғана сұхбат беремін деп



Алматы – еліміздегі ең ірі, ерекше шаһар. Қаланың ахуалы, тұрғындардың әл-ауқаты менің жеке назарымда.



шештім. Себебі, ел ішінде көптеген жалған ақпарат тарап жатты, соларға тоқтау салу керек болды. Сол сұхбат орыс тілінде жасалды. Өйткені, Қазақстандағы ахуал жөнінде шынайы ақпаратты, ең алдымен, әлем жұртшылығына тарату керек еді. Содан кейін шетелдік ақпарат құралдары сұхбатты кеңінен таратып, барынша пайдаланды. Оны өзіңіз білесіз. Қалай десек те, орыс тілі – Біріккен Ұлттар Ұйымының алты ресми тілінің бірі. Оны мойындауымыз керек. Ал қазақ тіліндегі сұхбаттың өз аудиториясы бар. Жалпы, мемлекеттің мәселесін мемлекеттік тілде айтуымыз керек. Тіліміз бізден басқа ешкімге керегі жоқ. Сондықтан ең алдымен, өзіміз ана тілімізге құрмет көрсетуіміз керек деп ойлаймын.

– «Қантар қасіретіне» келейік. Жыл басындағы қанды оқиға, өкінішке қарай, көп адамның өмірін жалмады. Митингке шыққандардың бәрі лаңкес пе? Негізі, адамдар басында бейбіт шеруге шықты емес пе?

– Әрине, бастапқыда бейбіт шерулер болды. Мұны бәріміз көрдік. Еліміздің әр аймағында азаматтар алаңға жиналып, өз талаптарын айтты, тіпті, наразылықтарын білдірді. Шынын айтсақ, әуелде ешқандай қирату, қылмыстық әрекеттер болған жоқ. Бірақ жағдай кейін мүлдем басқа арнаға бұрылып кетті. Арандатушылар мен қарақшылар пайда болды. Олардың шынайы мақсаты бейбіт митингке қатысу емес, билікке шабуыл жасау болды.



Кінәсіз азаматтардың құқығын қорғауымыз керек. Адамдардың құқығын бұзған тұлғалар жазаға тартылады.



Бір сөзбен айтқанда, соңына қарай алаңға нағыз лаңкестер шықты. Бүлікшілер мыңдаған қару-жаракты ұрлап кетті. Қазіргі уақытта полиция оларды іздеп жатыр. Әзірге түгелдей табылған жоқ. Бұзақылар сол қарудан тағы да адам атуы әбден мүмкін. Сонда мұны кім істеді деген сұрақ туады? Кім жасады? Бейбіт шеруге шыққандар ма? Шын мәнінде, бұл – кәсіби қарақшылардың ісі.

– Сонда олар қайдан пайда болды?

– Мен осы сұраққа бірнеше рет жауап бердім. Мұның алдын ала жоспарланған әрекет екені анықталды. Арнайы дайындықтан өткен қылмыстық топтар, лаңкестер оқиғаның бел ортасында жүріп, қарақшыларды, құқық бұзушыларды басқарды. Әрине, бұзақы топтардың арасында бейбіт азаматтар да болды. Енді оларды лаңкестерден, қарақшылардан бөліп алуымыз керек. Бұл – өте күрделі мәселе. Мұның бәрін тергеу жұмыстары анықтайды. Жалпы, мына нәрсені дұрыс түсінуіміз керек. Алаңға шыққандардың бәрін түгел бейбіт шеруші деп айтуға болмайды. Бұл – ешқандай ақылға сыймайтын нәрсе. Көзі ашық, ары таза адам мұндай жалған тұжырымға ешқашан сенбейді. Ең алдымен, лаңкестер жағдайды ушықтырды. Олардың мақсаты – елдің тұтастығын бұзу, халықты қорқыту. Ал бейбіт шерушілер солардың қармағына түсті. Қазір сол кінәсіз азаматтардың құқығын қорғауымыз керек. Мен әрбір іс бойынша мұқият тергеу жүргізу керек деп айттым.

Адамдардың құқығын бұзған тұлғалар жазаға тартылады. Біз бұған қажетті шараның бәрін қабылдаймыз. Еш күмән болмасын.

– Сонда бұл оқиғаларды біз қалай сипаттауымыз керек? Бұл өзі төңкеріс пе, жоқ әлде билікке қарсы бейбіт шеру ме немесе басқаша ма? Қалай атаймыз?

– Бұл оқиғаны ел ішінде әртүрлі атап жүргенін білемін. Қалай болғанда да біз қаралы, қасіретті күндерді бастан өткердік. Оны мойындауымыз керек. Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде көптеген сынаққа тап болдық, оның бәрін ел болып еңсердік. Бірақ дәл осындай қарақшылардың қатыгез әрекетін көрген жоқпыз. Еліне, жеріне адал қызмет ететін, нағыз отаншыл азаматтар мұндай опасыздыққа бармайды. Бұл – анық нәрсе.

Ашығын айту керек, жағдайды өздерінің жеке мүддесіне пайдаланғысы келген адамдар төңкеріс жасауға талпын-

ды. Француз тілінде осындай әрекетті *coup d'etat* деп айтады. Бұл – төңкеріс деген сөз. Елдігімізге, мемлекеттік тұтастығымызға, халқымыздың қауіпсіздігіне қарсы жасалған әрекет болды. Әрине, халыққа әлі де көп нәрсе түсініксіз. Қарапайым азаматтар өздерінің сүйікті қаласын өз қолымен қиратпайтыны белгілі. Қарақшылар, лаңкестер Алматыға сырттан келді. Мақсат белгілі: кісі өлтіру, қорқыту, дүкендерді тонау, әйелдерді зорлау, ақыр соңында билікті құлату.

– Олар билікке неге қарсы шықты?

– Мәселе мынада: төңкерісшілер елімізде қолға алынған реформаларға кедергі



Әрбір құқық бұзушылық дерегі бойынша шаралар қабылданады. Кінәлі адамдар жазаға тартылады. Мен үшін азаматтарымыздың құқығы аса маңызды. Әрбір іс бойынша әділ шешім шығару мен үшін негізгі принцип болып табылады.



келтіруге тырысты. Тіпті, Президентке де қарсы болды. Өзгерістер олардың мүдделеріне тиімді емес еді. Өйткені, реформалардың басты мақсаты – әділетті қоғам орнату, монополияларды жою, саяси трансформация жасау, еліміздің экономикалық дамуын жеделдету. Халық та осыны талап етіп отыр. Сондықтан бағытымызды өзгертпейміз, реформалар міндетті түрде өз жалғасын табады.

– Сіз тергеу жұмыстарының жүріп жатқанына жаңа тоқталдыңыз. Дегенмен, алдын ала тергеу нәтижелері жөнінде айта аласыз ба?

– Қазір өте ауқымды тергеу жұмыстары жүргізілуде. Бас прокуратура нақты ақпаратты жүйелі түрде жариялап жатыр. Қандай да бір нәтиже туралы айтуға әлі ерте. Бұл – өте күрделі мәселе. Қазір тергеу құпия түрде жүргізіліп жатыр. Өйткені, бұл өте ерекше іс болғандықтан біраз уақыт керек. Көп ұзамай халқымызды мазалап отырған сұрақтарға міндетті түрде жауап беріледі. Бәрі де айтылады. Халықтан ештенені жасырып қалмаймыз. Қазір тек мына нәрсені ғана айта аламын. Бұл біздің халқымыздың қауіпсіздігіне, еліміздің тұтастығына төнген қауіп болды.

– Адамдардың құқығының қорғалуына байланысты жаңа ғана өзіңіз ай-

тып өттіңіз. Енді осыған тоқталайық. Күлбіттелемей бірден айтсақ, бұл – азаптау фактілері туралы. Өзіміз де көрдік. Әлеуметтік желілердегі видеоларды, жазбаларды сай-сүйегің сырқырап қарайсың. Әсіресе, арқасына үтік басылған талдықорғандық Азамат Батырбаев деген жігітке қатысты. Осыдан хабардарсыз ба?

– Иә, бұл мәселе жөнінде жақсы білемін. Кейбір азаматтарымыз менің атыма бейнеүндеу жазып, әлеуметтік желілерде таратып жатыр. Мұны да біліп отырмын. Осыған байланысты мен Ішкі істер министрлігі мен Бас прокуратураға арнайы тапсырма бердім. «Шаш ал десе, бас алатын» әрекеттерге жол беруге болмайды. Қоғамдық комиссиялар өз жұмысына кірісіп кетті. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Эльвира Әзімова, белгілі құқық қорғаушылар: Айман Омарова, Жеміс Тұрмағамбетова, Абзал Құспан және басқа да заңгерлер жиналып, арнайы комиссиялар құрды. Олар әр істің заңдылығын қарап

жатыр. Қоғамдық комиссияларға сенімсіздік көрсетуге ешқандай себеп те, хақымыз да жоқ. Билік те, құқық қорғау органдары да жұмыстарына араласпайды. Мен де араласпаймын.

Әрбір құқық бұзушылық дерегі бойынша шаралар қабылданады. Кінәлі адамдар жазаға тартылады. Мен үшін азаматтарымыздың құқығы аса маңызды. Әсіресе, қазіргі таңда мұны ең маңызды мәселе деп айтуға болады. Әрбір іс бойынша әділ шешім шығару мен үшін негізгі принцип болып табылады.

– Ал бұзақыларға қатысты қандай іс-шаралар қабылданады?

– Бұзақылар туралы мәселеге келсек, кейбір адамдар жазықсыз азаматтарды еш себепсіз қамауға алды деп ойлайды да, осындай жалған ұрандарды ел ішінде таратады. Бірақ мынаны ұмытпауымыз керек: олардың ішінде лаңкестер де, қылмыскерлер де бар. Қараңызшы, мыңдаған адам қаланы қиратып, нағыз террористік әрекеттерге барды. Бірақ қазір бәрі жай ғана бейбіт азаматтар болып шықты. Бұған кім сенеді? Жалпы, лаңкестерді, қарақшыларды халық қаһармандары, батырлары деп айтуға болмайды. Бұл – ешқандай шындыққа келмейтін жалған уәж. Егер біз ақиқатына көз жеткізбей, олардың айтқанына



сенетін болсақ, елімізге тағы бір үлкен қауіп төндіреміз. Бұл – қарақшыларды Қазақстанға шақыру деген сөз. Сондықтан аталған мәселеде біз өте сақ болуымыз керек. Әрбір іс бойынша мұқият тергеу жүргізуіміз қажет.

– Ресейдегі бірқатар сарапшы елімізде болған оқиғаға қатысты «Төңкерісшілердің мақсаты Президент Қ.Тоқаевты Қазақстаннан қуып шығу немесе тұтқынға алу» деген болжам жасады. Сол рас па? Бірақ Сіз олардың жоспарын жоққа шығардыңыз. Осыған байланысты Өзіңіз қандай нақты түсініктеме берер едіңіз?

– Бәлкім, бұл Ресейдің барлау қызметінің көзқарасы шығар. Бұл рас та болуы мүмкін. Олар біздің еліміздегі оқиғаларды мұқият бақылап отырады ғой. Қалай десек те, арнайы жасақталған қарулы бандалар билікті басып алғысы келді. Сондықтан шетелдік сарапшылар айтқан пікірдің жаны бар деп ойлаймын. Дегенмен, барлығына байыппен қарап, салмақты баға беру қажет. «Сабыр түбі – сары алтын» деп халқымыз бекер айтпаған. Бізге керегі – асығыс шешім шығарып, істі жауып тастау емес, міндетті түрде ақиқатқа көз жеткізу. Бұл – менің алдыма қойған мақсатым.

Ресейге келсек, бұл алпауыт ел өзінің геосаяси мүддесін де қорғады. Қазақстанның тұрақтылығы Ресейге өте қажет. Мұны дұрыс түсінуіміз керек. Қазақстан мен Ресей – стратегиялық серіктестер. Арамызда шынайы достық пен өзара сенім болуы керек. Басқа саясат ұстансақ, екі елдің стратегиялық мүддесіне нұқсан келтіреміз. Жалпы, біз ешкімге ештеңе де қарыз емеспіз. Қазақстан – егемен мемлекет. Сондықтан саясатымыз да дербес.

– Сонда да көрші елдің кейбір журналистері «Ресей Қазақстанды құтқарды» деп жазып жүр...

– Жаңа ғана айтып өттім, Ресей – Қазақстанға жақын орналасқан серіктес мемлекет. Осындай жағдайда оның бізге көмек-

жатыр. Қанша адам болса, сонша пікір болады.

Мен Мемлекет басшысы ретінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 30 жылдық еңбегін жоққа шығаруға болмайды деп ойлаймын. Тарихқа қиянат жасамау керек. Нұрсұлтан Назарбаев – мемлекетіміздің іргесін қалаған, мемлекеттігімізді нығайтуға зор үлес қосқан тұлға. Оның қызметіне әділ баға беруге міндеттіміз. Тұңғыш Президенттің кемшіліктері болса, одан жас басшылар сабақ алуы қажет. Қаңтар оқиғасы елімізге де, менің өзіме де үлкен сабақ болғаны сөзсіз. Тиісті қорытынды жасалды. Қазір елімізде қабылданып жатқан саяси шешімдер – соның нәтижесі. Алдымызда өте көп

Жалпы, бәріміз еңбекқорлықтың, біліктіліктің идеологиясын көтеруіміз керек. Ұлтымыз дүние жүзінде, ең алдымен, еңбекқор, жұмысқа адал ұлт ретінде мойындалатын болса, бұл экономикамызға оң әсер етеді. Масылдықтан, жалқаулықтан алшақ болуымыз қажет. Сонда ғана Жаңа Қазақстан тұжырымдамасы іске асады.

БАР. ОЛ – ҚАЗАҚСТАН

Еркіндік деген ойыңа не келсе, соны айту емес. Кез келген демократиялық елдерде жалған ақпарат таратқан адам жауапқа тартылады. Мен әрбір журналист, ең алдымен, мемлекетшіл азамат болуы керек деп санаймын.

– Сіз Владимир Путинге қоңырау шалып, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының әскерін Қазақстанға шақырдыңыз. Бұл еліміздің дербестігін, егемендігін Ресейге телу деген сөз емес пе? Соларды шақырмаса болмайтын ба еді өзі? Қазір осы шешіміңізге өкінбейсіз бе?

– Өкінбеймін. Бұл – ешқандай да өкіндіретін шешім емес. Керісінше, дұрыс шешім болды деп ойлаймын. Өйткені, қарулы қарақшылар Алматыны қиратып, өзге қалаларға қауіп төндірді. Осы қарулы контингент болмаса, лаңкестер басқа да қалаларды басып алар еді. Қарулы шайқастар Талдықорғанда, Таразда, Шымкентте, Қызылордада орын алды. Елордада лаңкестердің дайындық жұмыстары байқалды, олар тіпті Ақордаға шабуыл жасауға дайын болды.

Кейбір беделді сарапшылардың айтуынша, лаңкестер Қазақстанның басты екі қаласын басып алуды жоспарлаған. Бұл – Сириядағы сценарийге ұқсас жоспар. Сол елде лаңкестер Дамаск пен Ракканы басып алуда әрекеттенген еді.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының әскерлері біздің елде бірде-бір оқ атқан жоқ. Оны ашық айту керек. Олар тек негізгі стратегиялық нысандарды күзетіп тұрды. Осы кезде біздің күштік құрылымдар іске кірісіп, қарулы лаңкестерге тосқауыл қойды. Арамызда тек тығыз байланыс пен үйлесім болды.

Ал енді «Путинге қарыз боп қалдық» дегенге келсек, бұл – бос әңгіме. Оны доғару керек. Біріншіден, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының контингенті В.Путиннің немесе Ресейдің жеке әскері емес. Бұл ұйымның әскери құрамы оған мүше елдердің бәріне ортақ. Онда Ресейден бөлек, Беларусь, Армения, Тәжікстан және Қырғызстанның әскери бөлімдері бар. Қазақстан да – осы ұйымның толыққанды мүшесі әрі негізін қалаушысы. Сондықтан бәрі – заңды, қисынды.

ке келуі айтпаса да түсінікті. Мұны құтқару емес, ортақ мүддемізді қорғау үшін жасалған іс-әрекет деп түсінуге болады. Бұл – бір. Екіншіден, аталған мәселеге геосаяси ахуал тұрғысынан да қарау керек. Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы – бәрімізге ортақ құрылым. Ресей және Ұйымға мүше мемлекеттер Қазақстанның ғана емес, өздерінің де қауіпсіздігін ойлады. Сол үшін көмек қолын созды.

– Жалпы, Қазақстанның Ресеймен қарым-қатынасы қандай болуы керек? «Мәскеу біздің жерімізге көз алартып жүр, солтүстік облыстарды тартып алады» деген пікірлер де айтылады...

– Бірінші сұрағыңызға қатысты айтар болсам, Қазақстан мен Ресей арасында мәңгі тату көршілік туралы келісім бар. Ресей – ғасырлар бойы қатар өмір сүріп келе жатқан құдайы көршіміздің бірі. Қазақтың тағдырына осылай жазылған. Мұны біз өзгерте алмаймыз. Саяси, сауда-экономикалық және мәдени байланыстарды нығайта беруіміз керек. Бұл, ең алдымен, Қазақстанның стратегиялық мүддесіне сай келеді.

Екінші мәселе. Иә, расында да, кейбір ресейлік саясаткерлер тарапынан «Қазақстанның солтүстік облыстарындағы жерлер біздікі» деген сөздер айтылды. Бірден кесіп атайын. Бұл – ақылға сыймайтын, орынсыз пікір. Ресми билік, яғни Кремль, әрине, бұл уәжді қолдамайды.

Екі елдің басшылығы арасында жер мәселесіне қатысты ешқашан дау туындаған емес. Маған В.Путиннің өзі «жерге қатысты ешқашан мәселе көтермейміз» деп айтқан. Сондықтан алаңдайтын ешнәрсе жоқ. Шекарамыз толық айқындалған, бекітілген. Бұл ақиқатты бүкіл әлем мойындайды. Екі елдің арасындағы байланыстарға сызат түспеген. Ресей Президенті осындай қағидаттарға адалдығын, беріктігін көрсетті.

– Түсінікті. Енді «Қаңтар қасіретіне» қайта оралсақ, халықтың көбі Тұңғыш Президентке және оның отбасына қатысты наразылығын білдірді, тіпті ашу-ызаға толы пікірлер айтылды. Себебі белгілі. Сіз өзіңіз Мемлекет басшысы ретінде осы жағдайдан қандай сабақ алдыңыз?

– Мәселеге жан-жақты қарайтын болсақ, халық наразылығының астарында өткір әлеуметтік мәселе жатыр. Халықтың көбінің әлеуметтік жағдайы төмен. Бұл – ақиқат. Мемлекеттің тұтас байлығы аз ғана топтың қолында. Теңсіздік белен алуда. Наразылықтың түп-тамыры осыдан басалды. Бұл мәселе туралы мен Парламентте, басқа да жиындарда айттым.

Өкініштісі, азаматтардың наразылығын лаңкестер мен қылмыскерлер пайдаланып кетті. Бұған бәріміз куә болдық. Расында, әлеуметтік желіде Тұңғыш Президентіміз туралы әртүрлі ойлар айтылып, жазылып

жұмыс бар. Мұны барлығы көріп, біліп отыр деп ойлаймын.

– Иә, соңғы кездері көптеген ауыс-түйіс болды. Соның ішінде Ерболат Досаевты Алматы қаласының әкімі етіп тағайындаған шешіміңізге наразы тұрғындар митингке шықты. Бұл шешімді қайта қарау ойыңызда бар ма?

– Ондай ойым жоқ. Алматы – еліміздегі ең ірі, ерекше шаһар. Қаланың ахуалы, тұрғындардың әл-ауқаты менің жеке назарымда. Қаңтар оқиғасы кезінде қаланың экономикасы зардап шекті. Азаматтардың және бизнес иелерінің дүние-мүлкі тоналды. Көптеген нысан өртелді, қиратылды. Соның бәрін қалпына келтіру керек. Бұл – оңай шаруа емес. Сондықтан осындай жауапты жұмыс жаңа әкім Ерболат Досаевқа жүктелді, қолынан келеді деп үміттемін. Себебі, оның бизнес саласында, мемлекеттік қызметте тәжірибесі мол. Іскер, еңбекқор адам. Жұмыс істеуіне мүмкіндік берген жөн деп ойлаймын.

– Осы сияқты басқа да біраз кадрлық өзгерістер болып жатыр. Бірақ әкімдердің басым көпшілігі әлі орнында отыр. Олардың жағдайы қалай болмақ? Алдағы уақытта облыс әкімдері сайлана ма?

Қазақтың «Айтылған сөз – атылған оқ» деген даналығы бар. Осы ретте өкінішке қарай, кейбір журналистер жалған ақпарат таратып, елдің мүддесіне қарсы жұмыс істейді. Дегенмен, азаматтарымыз ақ пен қараны ажырата алады деп ойлаймын.

– Жалпы айтқанда, кадрлық ауыс-түйіс – үздіксіз жалғаса беретін үдеріс. Лауазым мәңгілік дүние емес. Жұмыстың жаңа талабына икемделе алмаған адамдар қызметтен кетуге мәжбүр болады. Олардың орнын жаңа кадрлар басады. Әкімнің бәрін ауыстыру менің негізгі мақсатым емес. Әкімдердің жұмысына жан-жақты талдау жасалады. Негізгі талап – азаматтардың әл-ауқатын арттыру. Сондықтан қажеттілік болса, тиісті кадрлық шешімдерді қабылдаймын. Міндетті түрде өзгерістер болады.

Мен 2020 жылы халыққа Жолдауымда алғаш рет ауыл әкімдерін сайлау туралы айттым. Көп ұзамай ауыл әкімдерін сайладық. Былтырғы Жолдауымда «Келесі қадам – аудан әкімдерінің сайлауы» деп айттым. Оны 2024 жылы өткіземіз. Бәлкім, пилоттық жоба ретінде келесі жылдан бастасақ, орынды болар.

– «Жаңа Қазақстанды» құрамыз деп отырмыз. Бірақ бұрынғы жүйеде жұмыс істеген адамдар қызметке қайта тағайындалып жатыр. Жұрт ескі мамандар-

мен жаңа Қазақстанды қалай құрамыз дейді. Бұл туралы не айтар едіңіз?

– Негізі, кадр мәселесі өте күрделі әрі аса маңызды. Расында, көп нәрсе білікті кадрларға байланысты. Менің бастамам бойынша Президенттік жастар кадрлық резерві құрылды. Кадрлық резервке өткен азаматтар біртіндеп жауапты қызметке тағайындалып жатыр. Әрине, мұнымен шектелуге болмайды. Басқа да адамдарға жол ашуымыз керек.

Жалпы, мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талап өте жоғары болуға тиіс. Кез келген адам бірден министр немесе әкім бола салмайды. Ол анық нәрсе. Біраз уақыт, мол тәжірибе керек. Ондай лауазымға білімді, білікті, қызметіне адал азаматтарды тағайындаған жөн. Бұрынғы мамандардың бәрін жұмыстан шығару дұрыс болмас еді. Орысша «политическая чистка», яғни «саяси тазалауға» барудың қажеті жоқ. Мемлекеттік басқару саласына бірте-бірте жаңа мамандар келеді. Келіп те жатыр. Бұл – қалыпты үдеріс. Бірақ бір нәрсені есте ұстаған жөн. Мемлекеттік қызмет – эксперимент алаңы емес! Сондықтан бұл жұмысты бірте-бірте жүргіземіз.

– Алдыңғы сұхбатыңызда Сіз елімізде кадр тапшылығы бар екенін айттыңыз. Шын мәнінде, көптеген білікті мамандарымыз шет елде жүр. Білім қуып, кәсіп іздеп кеткендер де бар. Шет елдегі отандастарымызды Қазақстанға шақыру ойыңызда бар ма? Жалпы, бұл іске асуы мүмкін дүние ме?

– Расында шет елде жүрген білікті мамандарымыз аз емес. Бұл үшін ешкімді айыптауға болмайды. Қазір – жаһандану заманы. Адам қай жерде сұранысқа ие болса, сол жерге барып жұмыс істеуге қақы бар. Оған ешкім кедергі жасамайды. Біз өз саласында табысқа жеткен азаматтарды бұған дейін де шақырғанбыз. Елге қайтып келген отандастарымыз да бар. Бірақ шынығын айтуымыз керек, елімізге білімі жоғары, парасатты адамдар керек. Жалпы, адами капитал жоғары болуы қажет. Жалпақ тілмен айтсақ, Отанымызға келген адамдардың сапасы неғұрлым жоғары болса, елімізге соғұрлым тиімді болады.

Жалпы, бәріміз еңбекқорлықтың, біліктіліктің идеологиясын көтеруіміз керек. Ұлтымыз дүние жүзінде, ең алдымен, еңбекқор, жұмысқа адал ұлт ретінде мойындалатын болса, бұл экономикамызға оң әсер етеді. Масылдықтан, жалқаулықтан алшақ болуымыз қажет. Сонда ғана Жаңа Қазақстан тұжырымдамасы іске асады. Меніңше, біз бұрын үлкен идеологиялық қателік жібердік. Шет елге, яғни Орталық Азиядан Ресейге кеткен жұмысшыларға күліп, «Қараңыздар, олар қара жұмыспен айналысуға мәжбүр болды, ал бізге келгенде, бірде-бір қазақ шет елде жұмыс істемейді, жайбарақат жүрміз» деп қатты мақтандық. Кез келген еңбекті жоғары бағалау қажет, солай емес пе? Бүгінгі күні Орталық Азиядағы жұмысшылар Ресейде еңбек етіп, күн көріп жатыр. Ал біздікілер еңбек бәсекесіне шыдай алмайтын болды.

Өкінішке қарай, бұл – «сырьевое проклятье», яғни «шикізатқа тәуелді болудың» салдары.

– Тағы бір маңызды дүниеге назар аударсам деймін. Сіз «мемлекет ақпараттық соғыста жеңілді» дедіңіз. Елдегі журналистика деңгейіне көңілі толмайтындар көп. Мұның бір себебі, ақпарат құралдарына мемлекет қатаң бақылау жасайды дейді олар. Біз демократиялық қоғам құрамыз десек, БАҚ саласын шын мәнінде «төртінші билік» деңгейіне көтеруіміз керек емес пе? Осы туралы ойыңызды ортаға салсаңыз.

– Жалпы, қазақ журналистикасының деңгейі төмен деп айтуға болмайды. Керісінше, қазақ журналистикасының деңгейі жоғары екені күмәнсіз. Қаңтар оқиғалары кезінде ақпараттық вакуум болды. Оны кәсіби тұрғыда дайындалған лаңкестер, қылмыскерлер өз мүддесіне пайдаланды. Интернетті бұғаттауға мәжбүр болдық.

(Жалғасы 4-бетте).



БІЗДІҢ БІР ҒАНА ОТАНЫМЫЗ БАР. ОЛ – ҚАЗАҚСТАН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Qazaqstan ұлттық арнасына берген сұхбаты

(Басы 2-3-беттерде)

Бұл – әлемдік практика. Бірақ басқа да ақпарат құралдарымыз бар ғой. Содырлар кейбір теле-радио арналардың ғимаратын өртеп, қиратты. Одан басқа ақпарат құралдары үздіксіз хабар таратты. Ешқандай шектеу болған жоқ.

Ал баспасөз бостандығына келсек, бізде заң бойынша цензура жоқ. Ақпарат еркіндігін барынша қамтамасыз етіп жатырмыз. Бірақ еркіндік деген ойыңа не келсе, соны айту емес. Кез келген демократиялық елдерде жалған ақпарат таратқан адам жауапқа тартылады. Мен әрбір журналист, ең алдымен, мемлекетшіл азамат болуы керек деп санаймын. Осы орайда Н.Некрасовтың: «Ақын болу шарт емес, азамат болу – міндетің» деген қанатты сөзі бар. Сондықтан әрқайсымыз еліміздің патриоты болуға тиіспіз.

«Халықтың пікірі өте маңызды. Мен «Адамдар мемлекет үшін емес, мемлекет адамдар үшін» деген ұстанымды жарияладым.»

Қазақтың «Айтылған сөз – атылған оқ» деген даналығы бар. Осы ретте өкінішке қарай, кейбір журналистер жалған ақпарат таратып, елдің мүддесіне қарсы жұмыс істейді. Қазіргі заманда блогерлер көбейіп кетті. Олардың кейбір әрекеттері кері әсер етеді. Бір блогерлер жақсы жазады. Ал екінші біреулері мәселенің байыбына бармай, зерттемей, үстірт қарайды. Дегенмен, азаматтарымыз ақ пен қараны ажырата алады деп ойлаймын. Расында, «ақпараттық соғыс» бүкіл әлемде болып жатқан үрдіс. Сондықтан біз де оған бейімделуіміз керек.

– Сіз осы күзде саяси реформалар ұсынатыныңызды айттыңыз. Жоспарыңыз сол қалпында ма? Түбегейлі өзгерістер күтуге бола ма?

– Қандай түбегейлі өзгерістер болатынын қазір айта алмаймын. Бірақ біраз өзгеріс болады. Бұл туралы Мәжілісте сөйлеген сөзімде айттым. Мен бастапқыда жаңа саяси реформаларды күзде жариялаймын деп ойлағам, бірақ саяси реформаларды наурыздың ортасында халыққа Жолдауымда ұсынатын болдым. Қазіргі таңда жұрт реформаларды зор үмітпен күтіп отырғанын білемін. Сондықтан «Жаңа Қазақстанды бірге құрайық» деп Үндеу жолдадым. Онда айтылған мәселелерді көпшілік қолдап отыр.

Жалпы, кез келген қиындықтың артында үлкен мүмкіндіктер тұр. Қытай тіліндегі «дағдарыс» деген сөздің «жаңа мүмкіндіктер» деген мағынасы бар. Осы ретте біз де күш-қуатымызды Отанымызды өркендетуге жұмсайық.

Әрине, азаматтық қоғаммен, дербес сарапшылармен ауқымды диалог жүргізу керек. Өйткені, халықтың пікірі өте маңызды. Мен «Адамдар мемлекет үшін емес, мемлекет адамдар үшін» деген ұстанымды жарияладым. Осыған байланысты Үкіметке тиісті ұсыныстар дайындауды тапсырдым.

– Соңғы кезде олигополия деген терминді көп пайдаланып жүрсіз. Оны көпшілік әлі түсіне қойған жоқ. Дүйім жұрттың бәрі оны толығымен түсінеді деп айту қиын. Түптеп келгенде, бұл сөздің мағынасы неде? Соны айтыңызшы?

– Олигополия – бұл экономика саласындағы саны шектеулі адамдардың үс-

темдігі деген сөз. Бізде осындай үрдіс белең алуда, көпшілік, әсіресе, кәсіпкерлер оны жақсы біледі. Бұл шынайы бәсекеге, жалпы айтсақ, әділеттілікке кедергі болып отыр. Осы мәселені шешпесек, экономикамыз дамымайды, ішкі саяси ахуал мүлдем нашарлап кетеді. Сондықтан менің басты мақсатым – экономикада болсын, саясатта болсын, монополияны мейлінше жою. Одан біржола құтылған жөн. Бұл, әрине, оңай емес, бірақ міндетті түрде осы жұмысқа кірісуіміз керек. Басқа жол жоқ.

– Сіздің пікіріңізше, бүгінгі қоғамымыздың алдында тұрған ең маңызды мәселе қандай?

– Қоғамдағы ең маңызды мәселе – заң үстемдігін қамтамасыз ету. Өкінішке қарай, заңды мойындағысы келмейтін азаматтар аз емес. Басқаша айтсақ, құқықтық нигилизм белең алуда. Ағаларымыз «Тәртіпсіз ел болмайды» деп баяғыда айтқан болатын. Менің ұстанымым: қоғамда заң мен тәртіп болса ғана, ел ішінде үйлесім, бейбіт өмір болады. Заң – кез келген өркениетті қоғамның басты өлшемі. Заң үстемдік құрғанда ғана әділетті қоғам қалыптасады. Біз міндетті түрде бұған қол жеткізуіміз керек. Бұл – менің нақты ұстанымым.

– Сіз Үкіметтің отырысында шет елге заңсыз шығарылған қаражатты Отанымызға қайта әкелу керек деп тапсырма бердіңіз. Бұл тапсырма қашан орындалады? Соның мерзімдері туралы айта аласыз ба?

– Мен Үкіметке тиісті тапсырма бердім. Бұл мәселе бойынша Үкімет екі айдан кейін маған нақты ұсыныстарын айтады. Содан кейін жұмыс басталады. Аталған мәселе бойынша ауқымды сараптама жасау керек. Онсыз болмайды. Содан кейін шет елдегі тиісті мекемелермен келіссөздер жүргізуге кірісеміз. Бұл өте күрделі әрі ұзақ уақытқа созылатын жұмыс болатын сияқты. Оны ашық айтқан жөн. Бірақ әділдікке жету үшін осы жұмысты бастау керек. Шет елге заңсыз шығарылған қаражатты елге қайтаруға тиіспіз.

– Сіз екі мерзім ғана Президент қызметін атқаруыңыз мүмкін екенін айттыңыз. Олай болса, келесі сайлауға қатысатыныңыз анық қой?

– Бұл мәселе Конституциямызда жазылған. Президентке екі мерзім берілген. Оны бұзуға болмайды. Наурыздағы Жолдауымда, мүмкін, осы маңызды мәселе жөнінде өз пікірімді айтармын. Ал бірақ қазір сайлауға барамын ба, бармаймын ба, оны айта алмаймын.

– Сіздің ойыңызша, Қазақстанның болашағы қалай болады? Кешегі оқиғалардан кейін көпшілігімізге «Егемендігімізді сақтап қала аламыз ба?» деген ой келгені рас...

«Шет елге заңсыз шығарылған қаражатты елге қайтаруға тиіспіз.»

– Біздің халқымыз талай «тар жол, тайғақ кешуді», қиы заманды басынан өткерген. Қиындықтың бәрін жеңген. Кешегі қасіретті оқиға кезінде халқымыз бірлігін көрсетті. Осы құндылықты келешек ұрпаққа аманат етуіміз керек.

Қазақстанның болашағы жарқын болатыны сөзсіз. Мен бұған кәміл сенемін. Біздің бір ғана Отанымыз бар. Басқа Отанымыз жоқ. Болмайды да. Еліміздің Тәуелсіздігі бәрінен қымбат. Бұл – аксиома, ақиқат. Оны көздің қарашығындай сақтау – ортақ парызымыз.

Ал егемен ел дегеніміз қандай ел? Бұл – әлемдік үдеріске бейімделген біртұтас халық. Дербестігін жалаң сөзбен неме-

«Қоғамдағы ең маңызды мәселе – заң үстемдігін қамтамасыз ету. Менің ұстанымым: қоғамда заң мен тәртіп болса ғана, ел ішінде үйлесім, бейбіт өмір болады.»

се ұранмен емес, нақты іспен дәлелдей білген ел. Демек, «Егемендікті сақтап қаламыз ба?» деген күмәнді ой ешкімде болмауы керек. Ол қисынсыз тұжырым, қисынсыз сөз. Керісінше, әрқайсымыз «Тәуелсіздігімізді қалай бекем ұстап қаламыз?» деп ойлануға тиіспіз.

Тілімізге келсек, оны да сақтап қаламыз. Басқаша болмайды, себебі тарихымыздағы ең күрделі кезеңдерде тіліміз көзі ашық ағаларымыздың, қарапайым халқымыздың арқасында аман қалды. Дегенмен, тіл реформасын жасауымыз керек. Мәселе латын графикасына жедел түрде көшуде емес. Бұл іске байыппен қараған жөн. Сараптама жасалуға тиіс. Қисынсыз нәрсенің пайдасы жоқ. Әсіресе, тілге келгенде, асығыстық танытуға болмайды. Себебі, бұл өте нәзік дүние.

«Менің басты мақсатым – экономикада болсын, саясатта болсын, монополияны мейлінше жою. Одан біржола құтылған жөн.»

– Жұртымыздың қандай жақсы қасиеттерді бойға сіңіргенін қалар едіңіз?

– Бұл туралы мен жаңа да айттым. Дегенмен, бұл – өте маңызды мәселе, сондықтан қайталап айтайын. Біз қоғамда еңбекқорлық идеясын орнықтыруымыз керек. Турасын айтайық, бұл қазір ең өзекті мәселе болып тұр. Азаматтарымыз адал еңбекпен табыс табуды ең басты орынға қоюы қажет. Бақуатты ел болу биліктің жұмысына ғана емес, ол ең алдымен, әрбір азаматтың еңбегіне байланысты. Елдің тұрмысын құрғақ сөзбен емес, нақты іспен көтеру керек. Біздің жастарымыз осыны айқын ұғынса деймін. Елімізде белгілі теріс факторларға қарамастан, тиімді, пайдалы жұмыс атқаратын мүмкіндіктер аз емес. Жақсы мен жаман туралы ұлы Абайдан асырып ешкім айта алмас. Сондай-ақ, ойшыл ақынның «талап, еңбек, терең ой, қанағат және рақым» деген даналығының да мәні зор. Бұл қағида бізге, әсіресе осы заманда ауадай қажет.

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіз күнделікті қандай ақпарат көздерін пайдаланасыз? Теледидар, мерзімді басылым, әлеуметтік желілер...

– Мерзімді баспасөзді үзбей қараймын. Бұл – менің бұрыннан қалыптасқан дағдым. «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Астана ақшамы» газеттерін оқимын. «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Жас қазақ», «Түркістан» газеттерін де міндетті түрде оқып тұрамын. Жалпы, мен көп оқитын адаммын. Жақсы мақала немесе сұхбат көрсем, астын сызып оқуға тырысамын. Өзекті мәселе байқасам, оған қатысты нақты тапсырма беремін. Әлеуметтік желідегі өткір жазбаларды да үнемі шолып отырамын. Ал теледидардан жаңалықтар мен сараптамалық бағдарламаларды көремін.

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіздің «Әке туралы ой-толғау» кітабыңыздың желісі бойынша бір продюсерлік орталық кино түсіргелі жатыр екен. Осыған қатысты не айтасыз?

– Менің кітабымдағы оқиғалардың негізінде кино түсіргелі жатқанын оқыдым. Бұл туралы ешкімге ешқандай тапсырма берген жоқпын. Бермеймін де. Мұндайды қаламаймын. Бірақ өзім жазған «Әке туралы ой-толғау» кітабынан бас тартпаймын, мазмұнды туынды деп есептеймін. Себебі, жастарға да пайдалы дүние. Бұл – менің әке-шеше алдындағы перзенттік борышым.

– Шығармашылығыңызға қатысты тағы бір сұрақ. Сіз негізінен, дипломатия, сыртқы саясат туралы бірнеше кітап жаздыңыз. Солардың ішінде Елбасының тұлғасына арналған «Ол тарихты жасап жатыр» деген туындыңыз бар. Қазіргі таңда сол кітапты жазғаныңызға өкінбейсіз бе? Бұдан басқа жаңа кітаптар жазу жоспарыңызда бар ма?

– Өкінбеймін. Тұңғыш Президентіміздің еңбегі туралы кітапқа келсек, қазақта «Өткен іске өкінбе» деген сөз бар. Мен көптеген оқиғаға куә болған адаммын. Сондықтан қағазға түсіргенді жөн көрдім. Оқырмандардың пікірінше, кітаптарым жоғары деңгейде жазылған. Мысалы, әлі күнге дейін студенттер менің кітаптарыман қажетті мағлұматын алып, пайдаланып жүр.

Жоспар туралы айтсақ, кейбір ойларымды түртіп қойып, күнделік жазатыным бар. Мүмкін, болашақта қажет болар. Келешекте қазіргі өміріміз туралы ауқымды кітап жазу ойымда бар. Амандық болса жазамын.

– Жакында Сіз Тұңғыш Президент туралы заңға енгізілген өзгертулерге қол қойдыңыз. Яғни Елбасының бірқатар өкілеттілігі сол заңмен тоқтатылды. Онда Қауіпсіздік Кеңесі мен Қазақстан халқы Ассамблеясын өмір бойы басқару және басқа да баптар бар. Жалпы, осы мәселеге Өзіңіздің көзқарасыңыз қандай?

– Бұл түсінікті нәрсе. Бұрын осындай заңдар қабылданды, қазіргі таңда олардың қажеттілігі шамалы. Оны ашық айту керек. Келешекте осындай заңдар қабылдаудың қажеті жоқ деп есептеймін. Бұрынғы олқылықтар болса да, бұл – біздің тарихымыз. Бәріміз тарихтан сабақ алуымыз керек. Біздің мақсатымыз – еліміздің болашағы, өскелең ұрпақтың қамы туралы ойлау. Басқа сөз жоқ.

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, бүгін арнамызға уақытыңызды бөліп, берген сұхбатыңыз үшін Сізге рахметімді айтқым келеді. Сұхбат соңында көрермендерге, жұртшылыққа не айтасыз?

– Расында, бүгін жақсы, мазмұнды сұхбат болды деп ойлаймын. Халыққа айтарым, бұл дүниеде қазақтардың тағдырын тек өзіміз ғана шешеміз. Біз үшін жалғыз ғана мемлекет бар, ол – Қазақстан. Бұл – біздің қасиетті Отанымыз. Басқа Отанымыз жоқ. Отанын қорғау, халқының амандығын сақтау – әр азаматтың борышы. Осыны ұмытпауымыз керек. Қазақ елі жасай берсін!

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, сұхбат бергеніңіз үшін тағы да рахмет айтамын.

Әңгімелескен
Жайна СЛАМБЕК,
журналист.



КЕҢЕС



БАҒАНЫ ТҰРАҚТАНДЫРУ мәселелері талқыланды

Алматыда ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтанов сауда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру және тәртіпсіздік кезеңінде бизнес субъектілеріне келтірілген шығынды өтеу мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Еліміз бойынша Алматы қаласы Қазақстанның ең ірі сауда және мәдени орталығы болып табылады. Әрі тіркелген кәсіпорындардың үштен бір бөлігі осы қалада орналасқан. Кездесуде Бақыт Сұлтанов Алматы қаласының сауда саласы мен қаржылық жағдайына тоқталды.

– «Сауда саласы Алматы қаласы экономикасының негізгі саласы болып табылады. 2021 жылы бөлшек сауданың өсуі 13,5%-ды, көлемі – 4 трлн. 212 млрд. теңгеге жетсе, Алматының бөлшек сауда көлеміндегі бөлшек сауда үлесі 31,5%-ды құрайды», – деп атап өтті.

Бақыт Сұлтановтың айтуынша, қаңтардағы оқиғалар жекелеген бизнес субъектілерінің, әсіресе сауда саласындағы жұмысына теріс әсерін тигізгенін, үкіметтік комиссия зардап шеккен кәсіпкерлерге келтірілген шығынды өтеу тетігін бекітіп, оған бірқатар өзгерістер енгізуді ұсынғаны туралы айтты.

Сонымен қатар, Алматы қаласының өңірлік комиссиясы қолданыстағы тетікке өзгерістер енгізуді ұсынды. Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев мәлімдегендей, шығынның барлық санаттары үшін 10 млн. теңгеге дейінгі төлем сомасымен жеңілдетілген есеп бойынша залалды өтеуді жүзеге асыру, сондай-ақ «жабдық» санаты үшін жеңілдетілген тетікті қолдану және адвокаттардың қызметтеріне ақы төлеуді өтеу ұсынылды.

«Бұл өтінімдерді қарау мерзімін 1 айдан 2 аптаға дейін қысқартуға және бизнеске келтірілген шығынды өтеу рәсімін едәуір жеделдетуге мүмкіндік береді», – деді шаһар басшысы Ерболат

Досаев. Сондай-ақ, кездесу барысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мәселесі де кеңінен талқыланды. Мәселен, «Айналымдағы» қарыздар аясында ӘМАТ бағасын тұрақтандыру үшін жергілікті бюджеттен көкөніс, ет өнімдері, жұмыртқа және бакалея бағаларын белгілеу үшін 11 млрд. теңге бөлінсе, нан, сүт өнімдері мен күнбағыс майының ірі өндірушілеріне қарыз бөлу пысықталуда.

Қазіргі кезде қалалық әкімшілік жеңілдікпен қаржыландыру және уақытша сақтау қоймаларын салу үшін қала шеңберінде жер телімдерін бөлу арқылы мини-хабтар құру мүмкіндігін қарастырып жатыр. Бұл шағын сауда нүктелері иелерін ірі көтерме сауда базарларында өз бетінше сатып алу қажеттігінен құтылуына мүмкіндік беріп, шағын дүкендердегі баға деңгейіне оң әсерін тигізуі мүмкін.

Кездесу қорытындысы бойынша Бақыт Сұлтанов Алматы әкімшілігіне және ҚР СИМ-нің Сауда комитетіне бағаларды мониторингілеу және талдау бойынша жұмысты жалғастыруды, ӘМАТ бағаларын тұрақтандыру аясында «айналым сызбасын» ұлғайту бойынша шаралар қабылдауды, азық-түлік тауарларына баға белгілеудің барлық тізбегі бойынша делдалдық сызбаларды тексеру жөніндегі аймақтық комиссиялардың қызметін жандандыруға шақырды.

Сондай-ақ, зардап шеккен кәсіпкерлік субъектілерге көмек көрсетіп, өтемақы төлеу жөніндегі жұмысты жалғастыруды тапсырды.

АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ

Ұрпақ саулығы – басты назарда

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өскелең ұрпақтың спорттық әлеуетін арттыру жөнінде нақты тапсырмалар мен міндеттер белгілеген еді.

Тапсырмаларды дер кезінде әрі нақты жүзеге асыру үшін қалалық әкімшілік спорт ғимараттарының құрылысы бойынша кешенді жұмыстар жүргізуде. «Жаңа Алматы» бағдарламасына сәйкес қала шетінде жаңа жобалар бой көтеріп, жүзеге асырылуда. «Зерделі», «Айнабұлақ-2», «Құлагер», «Алатау», «Кемел», «Жас канат» ықшамаудандарында 6 дене шынықтыру-сауықтыру орталығы мен 1 теннис орталығының құрылысы аяқталуға жақын. Жаңа жыл қарсаңында олардың үшеуі пайдалануға берілді. Жаңадан іске қосылған спорт нысандарының тәуліктік сыйымдылығы 5 мың адамды құрайды. Бұған қоса, бюджеттен тыс, демеушілердің қаражаты есебінен спорт кешендері, велотрек, үстел теннисі орталығы және басқалары бар 5 нысан салынууда.

Жалпы, биылғы жылы 61



мектепте 73 футбол, 63 волейбол мен баскетбол алаңдары, сондай-ақ жаттығу аймақтары мен жүгіру жолдары бар спорт ғимараттарын жаңарту жоспарланып отыр. Қала көлемінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 8 спорт алаңын қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, 4 стадионды жөндеуге арналған жұмыс аяқталды. Бұдан өзге, жөндеуді қажет ететін қала мектептеріндегі құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталуға тиіс.

Қандай қиын жағдай болса да, балаларды тегін спорт секцияларымен қамту үшін жан басына

қаржыландыру тетігі белсенді қолданылып жатыр. Мәселен, 4 пен 18 жасқа дейінгі балаларға арналған тегін секциялар мемлекеттік тапсырыс бойынша спорттың 71 түрін жүзеге асып жатыр.

Бүгінде Алматы қаласы аумағында спорт мекемелерімен қатар, 100 демалыс орталығы бар. Олардағы 36 спорт секциясы мен әртүрлі үйірмелер 8 мыңнан астам адамға тегін қызмет көрсетеді. Қалалық әкімшілік 2023 жылға қарай мұндай орталықтардың санын 200-ге, биылғы жылы тағы да қосымша 50 орталыққа жеткізуді жоспарлап отыр.

БІЛІМ

Өзін-өзі басқару өте маңызды

Бүгінгі студент – ертеңгі маман. Ол осы бастан өзінше ой қорытып, шыңдалуға тиіс.



Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің өзі де студенттердің өзін-өзі басқару қызметіне қатысты жиі пікір білдіріп жатады.

«Кейбір кісілер өзін-өзі басқарудың ЖОО-на қатысы қанша деп айтып жатады. Университеттің үздік білім беруіне ғана емес, оның жұмысының ілгерілеуіне студенттердің де тікелей қатысы бар.

Осы орайда, әрбір оқу ордасы олармен бірлесіп жұмыс істеп, студенттердің үніне құлақ асып, мүмкіндік беру керек. Өзін-өзі басқару студенттердің ұйымдастырушылық қабілетін арттырып, қоғамдық шараларға белсене араласуына септігін тигізеді.

Осыған орай, еліміздің әр жоғары оқу орны бойынша студенттердің өзін-өзі басқару қызметіне талдау жүргізуді тапсырамын. Және жалпылама емес, әр университет пен колледждің жұмысына жеке-жеке талдау жасалсын», – деген еді.

Осыған орай, қазір қаламыздағы бірнеше оқу орны осы бағыттағы жұмыстарды қайтадан қолға алып, толықтыруды бастап кетті.

«ҚАДАМДЫҚ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК»

Жұмыс жалғасады

Алматыда дәл қазір 291 мектеп жұмыс істейді. Бұл мектептердің 207-сі – мемлекеттік мекеме.

Бүгінде осынау білім мекемелерінде 303 110 оқушы білім алып жатса, олардың саны былтырға қарағанда 12 мыңға артты. Бүгінде қаламызда әлі де 33 812 оқушы орнының тапшы екендігі анықталып отыр. Осы олқылықтарды шешу үшін қалалық әкімшілік «қадамдық қолжетімділік» қағидатын қолдана отырып, өткен жылы бой көтерген 12 600 орынға арналған 8 мемлекеттік мектептің құрылысын аяқтағалы отыр. Осы мектептердің 3-еуі биылғы жылы өз жұмысын бастауға тиіс.

Сонымен қатар, орын тапшылығын қысқарту мақсатында қолға алынған 8263 орынды 17 жаңа корпусың 11-і пайдаланылуға берілген еді. Осы қосымша ғимараттардың есебінен 4600 оқушы орынмен қамтылды. Сондай-ақ, қалада 2656 оқушыны орынмен қамтыған тағы да 13 жекеменшік мектеп ашылды. Жаңадан ашылған мектептер мен қосымша ғимараттар есебінен 16 019 оқушы



орынмен қамтылса да, мектептегі оқушы орнының тапшылығы 47 пайызға ғана төмендеп отыр. Алматы мектептеріндегі оқушы орнының тапшылығын болдырмау бағытындағы жұмыстар әлі де жалғаса береді.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



СӘН ӘЛЕМІ

СӨМКЕЛЕР ДЕ СЫР АЙТАДЫ
немесе әдемілік ешкімге көптік етпейдіНұржамал
ӘЛІШЕВА

Қазір қыстың соңғы айы. Алақай, енді біреп аптадан соң көгілдір көктемді күтіп аламыз! Осынау жылы мезгілді, жылылықты күтетіндер аз емес. Әсіресе, сәнқой қыз-келіншектер жағы гардеробтан гүлді жұқа көйлектерімізді шығарып, барымызды үстімізге іліп, көшеге жарқырып шыққымыз келеді. Бірақ біз бүгін сәнді көйлектер емес, сөмкелер туралы айтамыз.

Биылғы көктем мен жазда оверсайз (көлемді), цилиндрге, шелекке ұқсас және жарқын түсті сөмкелер сәнде болады екен.

Кәне, құрбылар, «Әйелдің аяқкиімі мен сөмкесі қымбат болу керек» деген қағиданы біз де ұстанайықшы! Барлық түспен үйлес береді деп, жылдың төрт мезгілінде де сол бір қап-қара сөмкені қолтыққа қысып алып жүре бермейік. Тіпті, кейбіріміздің затымыз сөмкеміздің сыртына шыққанша қампита толтырып ұстап алатынымыз жасырын емес. Ыңғайы келсе, дүкеннен алынған бір бөлке нанды да, сүтті де сыяды ғой деп тыға саламыз.

Жалпы, сөмке ұстау этикеті бойынша ол 5 келі картопка дейін сыйып кететіндей болмауы керек. Иә, әрине, әйел заты болған соң үйге қайтып келе жатып, міндетті түрде дүкенге соғамыз. Тамақ аламыз. Ал сауда жасауға арнайы матадан жасалған шопер-сөмке болады. Ол бүктеліп жиналып, сөмкеңізге оп-оңай сыйып кетеді. Сондықтан оны өзіңізбен бірге алып жүрсеңіз болады.

Этикет демекші, бір орындарға барғанда сөмкені үстелдің үстіне қоймаған жөн дейді мамандар. Егер өте кішкентай сөмке немесе клатч болса, мейрамханада үстел үстіне қоюға болады. Қоғамдық жерде сөмкені орындықтың арқалығына немесе ілгішке ілген абзал. Сөмкені тізеге қойып отыру да әдепсіздік саналады. Егер қоғамдық көлікте немесе емханада кезекте отырсаңыз ғана осылай жасауға болады.

Бір затын алу үшін сөмкесін олай да, бұлай да қопарып, іздегенін таппай, тіпті, ішіне сүңгіп кетердей, заттарын түгел сыртқа шығарып алып, біртіндеп отырып қарайтындар да жоқ емес. Этикет бойынша, сөмке адамдардың көзінше ашық қалмауға тиіс. Ал оны елдің көзінше ақтарып – ерсілікке, әдепсіздікке саналады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сіздің сөмкеңізде не бар?

Гүлнар МАҒЗУМОВА,
фрилансер-журналист:

– Сөмкемнен ешқашан түспейтін заттар: тарақ пен беторамал, айна мен бояғыш заттар. Сондай-ақ, бір пакет салып жүремін. Соңғы кезде бетперде мен антисептик, төлем карталары қосылды.

Кей әйелдер керектің де, керек емесін де салып алады да, сосын бірдеңе іздесе ақтарып отырады. Баяғыда, «Шаншардың» ба екен, бір әзілі бар еді ғой, «әйелдің сөмкесінен жеке куәлігін іздеп тапқанша, қайтадан жасата салған оңай» деген. Сөмке қаншалықты кішкентай болса да, оның ішінде әр заттың өз орны болуы керек. Мысалы, өзім айна-тарағымды үнемі бір қалташасында ұстаймын, кілтті де солай. Подъездің алдына келіп алып, сөмкесін қопарып, кілтін іздеп тұратын әйелдерді түсіне алмайтын шығармын.

Рахима ДҮЙСЕБАЕВА,
қоғамдық қызметкер:

– Ер адамдар «әйелдің қандай екенін білгіңіз келсе, сөмкесіне қараңыз» дейді екен ғой. Сондай сынға ұшырама с үшін сөмкеме мұқият қараймын. Ең бастысы – асып бара жатқан сәнді болмаса да, таза былғарыдан тігілген қымбат сөмке аламын. Ұзақ пайдалану мақсатында. Оның ішінде қалам, блокнот, сулы майлық, боянатын заттар, сондай-ақ, қазіргі уақыт талабына сай бетперде мен антисептик бар. Маған сөмкенің үлкен, берекелі болғаны ұнайды. Сосын қара түстісін жақсы көремін. Өйткені, кез келген көйлекпен үйлестіріп ұстап кете бересің.

Римма АРАЛБАЙҚЫЗЫ,
балабақша тәрбиешісі:

– Тұрмыс құрмай тұрғанымда сөмкемде көбінесе косметика, ұялы телефон жүретін. Ал қазір үнемі баламен жүретіндіктен, бойдақ кезімдегідей әдемі, сүйкімді көрінетін кішірек келген сөмкелер ұстамайтын болғам. Баланың заттары сиятын кеңірек, көлемдісін ұстаймын. Оның ішінде памперс, су құйылған бөтелке, сулы майлық, баланың ауыстыратын жеңіл-желпі артық киімдері, бір-екі дәрі-дәрмегі, банан, алма, көлемі кішірек бір-екі ойыншық болады. Қалай десек те, сөмкенің ашық түсті болғаны жақсы. Көңіліміз де көтеріліп, күндеріміз де сондай жарқын болады деп ойлаймын.

ӨНЕР

Өнер жауһарлары

Берлин көрермендерін тәнті етті

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қазақстандық FORTE TRIO мемлекеттік триосы Еуропа мәдениетінің орталығы Берлин филармониясында өнер көрсетіп, шет ел көрермендерін таңқалдырды. Бұл туралы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымының баспасөз қызметі хабарлады.

Бетховеннің скрипка, виолончель және оркестрмен фортепианоға арналған атақты концертін отандық әртістер Берлин симфониялық оркестрімен бірге орындады. Әлемнің үздік өнер жұлдыздары үшін Еуропаның жауһары атанған Берлин симфониялық оркестрімен бір сахнада өнер көрсету қазақстандық өнерпаздар үшін үлкен мәртебе.

2200 көрерменге арналған үлкен зал лық толы болды, концерт билеттері небәрі 2-ақ күнде сатылып кеткен. Берлин филармониясының өкілдері мәлімдегендей, бұл пандемия басталғалы бері алғашқы толық аншлағ жинаған концерт болды. Концертте көрерменнің атақты оркестрге деген ыстық ықыласы, Бетховен музыкасының танымалдығы мен қазақстандық музыканттардың өнеріне деген зор қызығушылық керемет үйлесім тапты.

«Әлемдік қауымдастық елімізді қаңтардағы оқиғалардың салдарынан саяси катаклизмдер арнасы ретінде қабылдағаны белгілі. Бірақ FORTE TRIO өз өнерлері арқылы Қазақстанды мәдениеті жоғары деңгейде дамыған, өзіндік музыкалық дәстүрлері қалыптасқан мемлекет ретінде көрсетіледі. Трионың өнерін жоғары бағалаған шетелдіктер біздің әртістерді концерттен кейін сахнаға тағы 5 рет шақырды», – деді «Қазақконцерт» директорының орынбасары Лаура Ахметова.

Өткен жылдың желтоқсан айында FORTE TRIO Францияның 4 ірі қаласында концерт өткізіп, осы елдің 2021 жылғы концерттік маусымын аяқтағаны мәлім. Енді отандық музыканттар Германия елінің өнерсүйер қауымын тамсандырып, карантиндік шектеулерден шаршаған тыңдармандарға ұмытылмас жарқын эмоция сыйлады.

Қазақконцерт құрамында өнер көрсететін FORTE TRIO ансамблі Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Тимур Урманчеевтің көркемдік жетекшілігімен өнер көрсетеді. Ұжымның мақсаты – қазақстандық классикалық музыканы әлемге таныту.

Қазақстандықтар FORTE TRIO ұжымының өнерін 2 наурыз күні «Астана опера» театрында «Любите ли вы Брамса?» атты жаңа концертте тамашалай алады.



КИНО

Біз – үздікпіз

Қазақстандық режиссер Фархат Шәріповтің «Схема» картинасы 72-ші халықаралық Берлин кинофестивалінде «Generation 14plus» бағдарламасындағы ең үздік толықметражды фильм деп танылып, Гран-Приди жеңіп алды.

«Generation» секциясында 33 елдің кинематографистері 52 картина ұсынған. Олардың 24-і «Generation 14plus» секциясының филматын алу үшін күресті. Конкурсқа қатысқан фильмдерді беделді қазылар алқасы бағалады. Олардың сапында итальяндық киносыншы және продюсер Паоло Бертолини, британдық-австралиялық режиссер, сценарист Рубика Шах және америкалық аниматор, комикстердің авторы Дэш Шоу болды.

Алматыда түсірілген «Схема» картинасы көңілдері, сезімдері алып-ұшқан жасөспірімдер өмірінен сыр шертеді.

Сонымен қатар, Берлиналеге Дәрежан Өмірбасовтың «Ақын» (Токио халықаралық кинофестивалінде «Ең үздік режиссура» жүлдесі) мен Аскар Ұзабаевтың «Бақыты» қатысты. Бұл ретте «Ақын» мен «Схема» Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының көмегімен, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша түсірілген. Сондай-ақ, барлық фестивальдік бағдарламадан «Ақын» картинасы BerlinaleTalents-тің екі шеберханасында талқылау және талдау үшін іріктелген.

Қазақстан тарихта алғаш рет Берлин фестивалінде осындай ауқымды түрде таныстырылғандықтан, Алматыдағы «Кино» барында Berlinale-Palast-тің өзіндік филиалы ұйымдастырылды. Конкурсқа қатысатын фильмдердің түсірілім топтарының мүшелері, олардың достары, кинематографистер және кино сүйер қауым отандық кинорежиссерлерді қолдау үшін арнайы ұйымдастырылған іс-шараға жиналды. Кеш иелері тіпті өз қонақтары үшін Берлинмен тікелей байланыс өткізіп, жиналғандар номинанттарға сәттілік тіледі.

Нұр ЖАМАЛ.



ҚАСИЕТТІ ҚОЛӨНЕР

Қазақтың құрағы тіл мен көзден сақтайтын тұмар іспетті



Бұйымдарды алу үшін қазан айына дейін кезекке жазылып қойғандар бар

– Шеберлік өнерге қалай бет бұрдыңыз?
– Жоғары білімді қаржыгермін. 23 жасымда бас бухгалтер болдым. 3 ерекше үлгідегі диплом иесі ретінде мансабымның көтерілуіне барлық мүмкіндік болды. Алайда, жүрек қалауымды тыңдап, қалаған ісіммен айналысуды шештім. Өзіме ұнайтын іспен шұғылданғым келді. Интернет беттерін парактай отырып, Ресейде, шет елдерде қазақтың құрағы жоғары бағаланатынын білдім. Суреттердің сапасы нашар болса да, қолөнердің күшті энергетикасы сезіліп тұрды. Ол көп уақытты талап ететін қиын жұмыс. Сондықтан құрақты бағалы маталардан тігіп, тиісті бағаға сату қажет екенін ұғындым. Мен әрбір іске үлкен жауапкершілікпен қараймын. Бұл істі әбден меңгеру мақсатында тігін машиналарын сата бастадым. 1,5 жыл бойы жұмыс істеп, көп мағлұмат алдым. Одан кейін 2,5 жыл бойы қымбат мата мен тігін қондырғыларын сататын дүкенде жұмыс істедім. Көп көлемде тауар сатып алатын тұтынушылар іздеп, шағын ғана кәсіпті дөңгелетіп әкеттім. Бұл саланы жігіт меңгергендігім соншалық, жұмыс беруші қыс мезгіліне қарамастан менімен еңбек келісім-шартын бұзды. Бұл қадам шағын ғана кабинетте студия ашуыма себеп болды.

– Тігіншілік – кез келген адамның бойынан табыла бермейтін өнер. Бұл қасиет сізге қайдан дарыды?
– Қазақта «ана көрген тон пішер, ата көрген оқ жонар» деген керемет нақыл бар. Бала көріп өскенін бойына сіңіреді. Анам ауыл балаларын жинап алып, тігу, тоқу сынды, тағы басқа қолөнер түрлерін үйрететін. Ержеткенде осының бәрінің пайдасы тиді. Іс тігуді меңгеру маған қиын болған жоқ. Құрақ – қасиетті қолөнер. Онымен жаны таза, кеңпейілді адам ғана айналыса алады. Шебердің бойында қазақ халқына тән ізгі қасиеттер болуы шарт. Бұл жұмыс көп энергияны талап етеді. Математикалық тұрғыдан ойлай білу шарт. Құрақ – тіл мен көзден сақтайтын тұмар іспетті.

– Елімізде ұлттық бұйымдарға деген сұраныс қандай деңгейде?
– Біздің жұмыста бағалы шикізат пен көп еңбек талап етілетіндіктен, бағасы да арзан емес. Сапалы матаны ғана пайдалана-



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Дәстүріміз жанданып, ұлттық құндылықтарымыз қайта жаңғыруда. Осы ретте ұлттық қолөнерді дамытып қана қоймай, оны заман талабына сай бейімдеп жүрген тігінші Гүлмира УӘЛИХАНМЕН сұхбаттасқан едік.

мын, себебі маңдай термен жасалған бұйым кемінде 20–30 жыл сақталуы керек. 10 жыл бұрын өз ісімді бастаған кезде қолымнан шыққан сөмкелерді 5 мыңнан саудаладым. Ал базардағы баламасы 400 теңге маңайында болды. «Сата алмайсың» дегендер де болды. Мен оған өз энергетикамды жұмсаймын. Кейін қолөнер бағаланатын болды. Қазір біздің бұйымдарды алу үшін қазан айына дейін кезекке жазылып қойғандар бар.

– Шет елдерден тапсырыс түсе ме?
– Кәсіпті бастаған кезде шетелдіктермен жұмыс істеуге тырыстым. Олар қолөнерді жоғары бағалайды. Ойым жүзеге асты. Тапсырыстың негізгі бөлігі басқа мемлекеттерден түсетін. Тіпті, олардан жалыққан кезім болды. Қазақтың өнерін қазақ бағалау керек. Біртіндеп сол күнге жеттік.

Шеберлерге мүмкіндік жасаса дұрыс болар еді

– Қандай ірі көрмелерге қатыстыңыз?
– АҚШ-тың Вашингтон штатында жыл сайын көрме болады. Мен де алдыңғы жылы соған шақырту алған едім. Қазақстандық делегация құрамымен бардым. БАӘ, Мәскеуде өткен көрмелерге қатыстым.

– Сапалы бұйым жасап шығару үшін сапалы шикізат керек. Шикізатты қайдан аласыздар?
– Қытай, Еуропа, Корея сынды, тағы басқа шет мемлекеттерден аламыз. Біз қалдықсыз жұмыс істейміз. Әсіресе, төр көрпелерге үйкелгенде бүлініп қалмайтын мата пайдалану керек. Ал панно қабырғаға ілініп тұратын зат. Оған басқа мата таңдалады.

– Тоқыма, тігін өнерінің бүгінгі насихаты аз сияқты. Бұл олқылықтың орнын қалай толтыру керек деп ойлайсыз?
– Бұл мен үшін ең басты проблема. Осы саладағы шеберлер өте көп. Бірақ қолдау жоқ. Кейінгі кездерде ғана жәрменкелер мен көрмелер өтіп жүр. Өзімнің қолөнерім: құрақ пен пэчворк-тарымды өзім насихаттаймын. Бір ерекшелігі, бұл өнермен айналысатындардың көп бөлігі әжелер. Жастар өте аз. Сондықтан да қазіргі таңда осы өнерге үйренемін деушілерге үйірме ашуды көздеп отырмын. Онда менің де, басқа шеберлердің де мастер-кластары өткізілетін болады. Мен шеберлерге бұл өнердің насихатын жасау үшін жастарға үйрететін мектептер мен үйірмелер ашуға кеңес беремін. Қазірде ешкім де керек етпейтін идеялармен айналысып жүргендер көп қой. Міне, соларға осы кеңесімді берер едім. Ал біраз адам көрмелерге қатысқысы келмейді. Мұндай көрме ұйымдастырушылары көп жағдайда белгілі бір орынды жалға алу құнын қымбаттатады және жарнамамен айналысуға мүмкіндік бермейді. Сондықтан шеберлерге мүмкіндік жасаса дұрыс болар еді.

– Сұхбатыңызға рахмет!

ӨМІРДІҢ ӨЗІ

Әке мейірімі

Осыдан бірер күн бұрын әлеуметтік желіде аурухана алдына келіп, аққала соғып жатқан әкенің видеосы тараған болатын.



Видеодан аурухана терезесінің алдында аққала жасап жатқан әкені, ал терезенің бергі бетінен кішкентай қыз баланың тұрғанын көруге болады. Оқиға еліміздің қай өңірінде болғаны белгісіз. Дегенмен, әлеуметтік желі қолданушылары ауырып, ем қабылдап жатқан қызын қуанту үшін бір сәт бала болып, аппақ қардан аққала жасап жатқан мейірімді де қамқор әкенің әрекетіне тәнті болып, сүйсіне ілтипаттарын жазып жатты.

«Алла шипа берсін балаңызға, осындай әкелер көп болсын!», «Әкесінің ақ пейіліне қарай қызы сауығып кетсін!», «Әкелер аман болсын!», «Осындай әкелер көп болсыншы, балаларын жылатпайтын, тастамайтын, әркімге жәуаптеңдетпейтін! Басқа әйел алып, тағы тудырып, ана балаларын ойламайтын, ер-азаматтарға сабақ болсыншы», «Осындай қамқор әкелерден өзін бағалай білетін қыздар өсіп шығады» деген сынды әсерлі жазбалар қалдырған оқырмандар.

Бұл пікірлерге алып-қосарымыз жоқ. Ал аппақ аққаланың бала көңілін өсіргені, әкеге деген құрметін еселей түскені сөзсіз.

Нұр ЖАМАЛ.

МӨЛТЕК СЫР

Ана алақаны



Аяғыма кірген шынының сынықтары жанымға батып барады. Жасым 8–9 шамасында болса да, ес кірейін деген. Ұят, намыс сынды ұғымдарды біліп қалғам.

Сондықтан ба, мені иығымнан көтеріп, жетектеп келе жатқан көрші жігіттерге сыр бермеуге тырыстым. Бүгін олардың қасында жылап қалсам, мазаттың көкесін ертен көрерім анық. Сөйтіп, тілімді тістеп, көзімді жұмып, үйге қашан жетемін деп келе жатырмын.

Оқырман, «не болды, қайдан келесіз» деп ойланып қалған шығарсыз. Ендеше, басынан бастап айтайын. Мен мектепке қарама-қарсы үйде тұратынмын. Кешкілік доп теуіп, әрі-бері айкай салған дауыстарды естігенде мектептің алаңына қарай жүгіріп, футбол ойнаған балаларға қосылып кетемін. Мектептің футбол алаңы деген аты болмаса, екі темір қақпадан басқа бұл жерде ештеңе жоқ. Дала баласына айналған бізге одан артығы керек те емес. Аяқтың астындағы тасына да, басқасына да қарамай жарыса жүгіріп, алаңсыз доп тебеміз. Бұл да сондай күндердің бірі болды. «Қақпаға бірінші кім тұрады?» дегенде, танауым делдиіп, сұранған да өзім еді. Содан әрең дегенде басқа баланың кезегі келіп, қақпадан шыққаныма бағанағы шынының аяғыма кірсе ете қалмасы бар ма? Бүгінде ешкім тиіспесе де, 1 метр жерден құлап, пенальти сұрайтын футболшыларға қарағанда менің сол кезде аяғымды ұстай ойбай салғаным өтірік болмады. Міне, жарытып футбол ойнамаса да, жарылған аяқпен үйге келе жатқан күйім осындай еді.

Өлгі екі жігіт жетектеген күйі үйге жылдам-ақ жеттік. Ары қарай бармай, кіреберістегі баспалдаққа отыра кеттім. Ойынға әлі де құмары қанбаған достарыма рахметімді айтып, өз беттеріне жібердім де, олар кеткен соң барынша айкайлап үйдегілерді шақыра бастадым. Көп ұзамай үстінен тәттінің иісі шыққан анам келді. Соған қарағанда, бірнәрсе пісіріп жатқан секілді.

Аяғын ұстап, орнынан тұра алмай отырған баласын көргенде шошып кетті білем. Сәл де болса көңілін басап деп, «ауырып тұрған жоқ, кішкентай әйнек қой» деп қоямын. Көзімнен көрмейінше бала сөзіне сенбейтін анам, не болғанын енді өзі тексеруге кірісті. Үйге келгенше «мықты болам, не болса да жыламаймын» деп ішімнен ойлағанымды қайдам, анамның ыстық алақаны табанымға тигенде көзімнен жас бұрқ ете қалды. Еңкілдеп жылап жібердім. Достарымның алдында сыр білдіруге намыстанғаныммен, анамның алдында әлсіздік танытуға ұялмадым. Анамның алақанынан ештеңені жасыра алмадым. Себебі, бұл алақан бар әлемнің жылуы мен мейірімін жинағандай ыстық. Бұл алақан қолынан ұстап, басыңнан сипаған сайын жүрегіңді нұрландыратындай ерекше.

Досбол АТАЖАН.





PIKIP

Ақан БИЖАНОВ,
Алматы қалалық
Ардагерлер кеңесінің төрағасы:



ие болды. Әсіресе, мемлекетімізді сақтап

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан ұлттық телеарнасына берген сұхбаты Алматы қалалық ардагерлері тарапынан қызу талқыға түсіп, өте жақсы пікірге

TILEK

Станислав КАНКУРОВ,
Алматы қаласы
мәслихатының хатшысы:



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет пен қоғамның дамуына байланысты және заман талап ететін өзгерістерді енгізу жайлы нақты және терең пікірлер айтты.

Қайғылы қаңтар оқиғасының себептері мен салдарлары жан-жақты және терең зерттеледі. Бұл мемлекет пен қоғам үшін үлкен сабақ болғандығы тілге тиек етілді. Қазір тергеу барысында әрбір іс бойынша әділ шешім шығару керектігін атап өтті. Бұл Президент үшін басты принцип болып қалады. ОДКБ

SENIM

Мейіржан ОТЫНШИЕВ,
Nur Otan партиясы Алматы қалалық филиалы
төрағасының бірінші орынбасары:

Қазақстанның болашағы жарқын



Мемлекеттік тіл – аса маңызды да ең өзекті мәселе. Бұл ұғымда ерекше мағына жатыр. Ол – ұлт болмысын ұғындырып, төңірегіне жұртты топтастырушы, біріктіруші фактор. Мемлекеттік тілдің өзектілігін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Qazaqstan телеарнасына берген сұхбатында атап өткен болатын.

Бұл ретте ел Президенті: «Біздің халқымыз талай «тар жол, тайғақ кешуді», қилы заманды басынан өткерген. Қиындықтың бәрін жеңген. Кешегі қасіретті оқиға кезінде халқымыз бірлігін көрсетті. Осы құндылықты келешек ұрпаққа аманат етуіміз керек. Қазақстанның болашағы жарқын болатыны сөзсіз. Мен бұған кәміл сенемін. Біздің бір ғана Отанымыз бар. Басқа Отанымыз жоқ. Болмайды да. Еліміздің Тәуелсіздігі бәрінен қымбат», – деп ерекше тоқталды. Расында да, ендігі кезекте жаңа саяси-реформалардың, «әділетті қоғамның» жаршысы ретінде бір кісідей жұмылып, Президентімізге Қазақстанның жаңа даму кезеңін құруға әркім өз саласы бойынша үлес қосуымыз керек. Осы ретте ауызбіршілік, бейбіт өмір сөздерінің мағынасына терең бойлауымыз маңызды.

YMIT

Тимур НҰРТАЕВ,
Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі,
құрылыс компаниясының директоры:

Алматы қалпына келеді



– Мен саяси өмір туралы сирек сөз етемін. Бірақ ел Президенті Қ.Тоқаевтың кешегі «Қазақстан» ұлттық арнасынан берген сұхбаты туралы алған әсерімді шет қалдырмай, бөліскенді жөн көрдім. Әкімдердің жұмысына жан-жақты талдау жүргізу қажеттігімен келісемін, бірақ бұл ретте Мемлекет басшысы оларды ауыстыруды мақсат етпейді. Президент сұхбатында өмірлердегі қала басшыларына қойылатын негізгі талап азаматтардың әл-ауқатын арттыру екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Кемелұлының біздің қаламыздағы жағдайды қадағалап, жеке бақылауында ұстайтын алматылық ретіндегі сәті қуантты. Алматы қысқа мерзімде қалпына келеді деп үміттенеміз!

Маңызды міндеттер атқарады

қалу мен оның тұрақтылығы туралы айтқан тұжырымдары жұртшылық көңілінен шығып, көкейге қонымды болды.

Шындығында, террорист қарақшылардың ел Конституциясы мен оның заңдылық нормаларын өрескел бұза отырып, бейбіт шерушілердің алаңға шығуын өз мақсаттарына пайдаланып, елдегі Конституциялық құрылымды бұзып, мемлекетті құлатпақ болғаны, елдегі билікті төңкеруге жасаған тағылық әрекеттері ешбір ақылға сыймайды.

Кезінде Алматы қаласынан сайланған сенатор ретінде мен ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясының Саяси мәселелер жөніндегі және халықаралық қатынастар комиссиясының төрағасы ретінде Ұжымдық

қауіпсіздік туралы шарт ұйымының қызметімен тікелей араластым. Осы ұйымның құқықтық мәселелерін ұйымдастырушылардың бірі ретінде бірқатар маңызды қызмет атқардым. Бұл халықаралық ұйым осындай форс-мажорлық, яғни күтпеген жағдайларда саяси, әскери және басқа мәселелерді ұтымды шешуге атсалысу болып табылады. Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы осы беделді ұйымға мүше елдердің тұрақтылығы мен бейбіт өмірін қамтамасыз етуде маңызды міндеттер атқарады.

Осылайша Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз сұхбатында айтып өткендей, қаңтар қасіреті барысында Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымына мүше құрылымдарын Қазақстанға шақыруы қажеттілік және дер кезінде қабылданған оң шешім болды деп ойлаймыз.

Ел игілігі үшін қызмет етеміз

әскерінің уақытылы енгізілгендігі және бұл шешім ешбір қарыздарлық емес, керісінше ОДКБ келісім-шарты аясындағы өзара көмек екендігі мәлімделді. Одақтас елдер әскері Қазақстан ішіндегі тұрақтылықты сақтауға атсалысты.

Шекара мен достық көршілік те сарапталды. Қазақстан Ресеймен мәңгілік достық пен стратегиялық серіктестік жөніндегі маңызды құжатқа қол қойған. Екі ел шекарасы заңды түрде бекітілген. Бұл ретте Президент ресейлік кейбір азаматтардың Қазақстанның солтүстік облыстары Ресейге тиесілі деген пікірі қате ой деді.

Қоғамда қордаланған проблема – халықтың әлеуметтік жағдайының төмен екендігін білеміз. Осы ретте байлықтың басым бөлігі кішігірім топта шоғырланған. Бұл проблема тыңғылықты шешіледі. Монополия мен олигополияны жою мақсаты қойылған. Осымен бірге заңсыз жолмен қол жеткізілген және шет елге әкетілген қаражат елімізге қайтарылатын

болады. Президент үкіметке екі ай ішінде нақты ұсыныстарды енгізуді тапсырды. Қазақ жерінде табылған қаражат ел игілігі үшін қызмет етуі керек.

Қасым-Жомарт Кемелұлы Алматы қаласына ерекше тоқталып өтті. Сүйікті қаламыздың шабуылдан кейін қалпына келуі Президенттің жіті назарында. Қала басшысы ретінде еңбекқор және тәжірибесі мол Ерболат Досаевты осы мақсатта тағайындады.

Әкім алдында қаланы қалпына келтіру, зардап шеккен кәсіпкерлер мен азаматтарға жәрдемдесу міндеті аса маңызды болады. Алматы мәслихатының депутаттары бұл арнадағы жұмысқа белсенді араласып келеді. Және алдағы уақытта да бар күшін салады.

Халқымыздың берекесін ұлғайту, Тәуелсіз Қазақстанды нығайтып, нақты іспен дәріптеу маңызды. Біз Президентіміздің ой-тұжырымдарын қолдаймыз және Жаңа Қазақстанды құруға жұмылуымыз қажет деп есептеймін.

QOLDAU

Азамат ЖЫЛТЫРКӨЗОВ,
ҚР опера әншісі:

Халық үшін қажет



толық қолдаймын. Мемлекет басшысы наурыз айында Қазақстан халқына Жолдауын жариялайтынын, онда біз жаңа Қазақстанды одан әрі қалай құратынымыз туралы нақты нұсқаулар берілетінін мәлімдеді. Көпшілік тарапынан қолдау табатын мұндай сұхбаттар бізге қажет екенін сенімдімін.

YLES

Болат САДЫҚОВ,
Алматы қаласы мәслихатының депутаты:

Қиындықтарды еңсереміз



Орталық телеарнада Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев аса мәнді сұхбат беріп, келешекке деген және жастарға бағдар беретін, еліміздің іргесін беріктендіретін тұжырымдарымен бөлісті.

Мен өз басым үлкен қызығушылықпен және зейінмен қарадым. Жастардың бойында және жалпы қоғамда жалқаулықты жою, адал еңбектену, біліктілікті шыңдап жетістіктерге жету мәселесіне, мейірімділікті дәріптеуге ден қойылды. Қоғамдағы жүйелі проблемаларды шешу, әсіресе халықтың табысын арттыру басты мақсаттардың бірі ретінде анықталды.

Осымен бірге экономикалық процестерді жетілдіру, әлеуметтік саланы нығайтудың маңызды тұстары ортаға салынды. Әсем Алматымыздың қалпына келтіріліп, гүлдендіру басымдықтары бізді ерекше қуантқандығын атап өткім келеді. Шынтуайтында, біздің бір Отанымыз бар. Ол – Тәуелсіз Қазақстан. Бұл бәрінен қымбат және жоғары құндылық, ақиқат түбі осында. Егемендігімізді нақты еңбекпен көрсетуіміз керек. Қазақстан тағдыры мен жарқын болашағы қазақ елінің қолында. Осындай тарихи сәтте біз ортақ мақсатқа бірігуіміз ауадай қажет. Мен мәслихат депутаты және Nur Otan фракциясының мүшесі ретінде, денсаулық сақтау саласының өкілі ретінде Президентіміз атап өткен басымдықтарды іске асыруға барынша үлес қосамын. Сіздерді де Қазақстанның өркендеуіне атсалысуға шақырамын. Дана халқымыз талай қилы заман мен тар жол, тайғақ кешуден аман өтті, бұл орын алған қиындықтарды да бірге еңсеретінімізге күмән жоқ. Тәуелсіз Отанымыздың берекесі арта берсін.

BRIFING

МӘМС шеңберінде бәрі қолжетімді

Биыл алматылықтардың 80%-дан астамы МӘМС жүйесінде сақтандырылған. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры Алматы қаласы филиалының директоры Тілеухан Әбілдаев айтты.



Нұржамал ӘЛІШЕВА



МӘМС аясында биыл 187 медициналық ұйыммен (оның 80-і мемлекеттік) жалпы сомасы 213,2 млрд. теңгеге шарт жасалған. Оның ішінде: тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) шеңберінде – 117,7 млрд. теңге, ал МӘМС жүйесінде – 95,4 млрд. теңге. Биыл 12 медициналық ұйым қосылған.

Т.Әбілдаев Ұлттық экономика министрлігінің деректеріне сілтеме жасай отырып атап өткендей, Алматы қаласының 2 024 989 тұрғынының ішінде сақтандырылған халықтың саны (биылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша) 81,1%-ды құрайды. Ал сақтандырылмағандар – 382 940 адам (18,9%).

Т.Әбілдаев былтырғы жұмыс нәтижелері туралы да айтып берді. Өткен жылы медициналық сақтандыру қорынан сақтандырылған алматылықтардың медициналық көмегін төлеуге шамамен 93 млрд. теңге жұмсалған. «Барлық жоспарлы медициналық көмек МӘМС жүйесі есебінен өтеледі. Өткен жылы шығындардың басым бөлігі, нақтырақ айтсақ, 48,6 млрд. теңгеден астам қаржы стационарлық медициналық көмекті төлеуге жұмсалды, тағы 3,9 млрд. теңге күндізгі стационар қызметтерін төлеуге бағытталды», – деді спикер.

Сондай-ақ, филиал директоры 2021 жылдың қорытындысы бойынша жүргізілген қымбат тұратын талдаулар, диагностика және операциялар санының айтарлықтай өскенін, ал МӘМС енгізілгенге дейін халықтың оларға қол жеткізе алмағанын, енді медициналық сақтандыру есебінен қолжетімді екенін атап өтті. Мәселен, өткен жылы консультациялық-диагностикалық көмек көрсеткені үшін медициналық ұйымдарға 14,5 млрд. теңге төленді. МӘМС жүйесінде көрсетілген қызметтер арасында оңалту да жеке маңызға ие. Оңалту көмегіне 6,2 млрд. теңге бағытталды, оның ішінде постковидті оңалтуға 222,4 млн. теңге.

Сондай-ақ, МӘМС шеңберінде алматылықтарға ЭКО сияқты қымбат қызметтер қолжетімді. Егер 2020 жылы 563 млн. теңге сомаға 643 ЭКО манипуляциясы жүргізілсе, 2021 жылы 3687 қызметке 3,5 млрд. теңге бағытталған. Өсім 5,7 есе.

«Қазір Алматы бойынша медициналық сақтандыру қорымен келісім-шарт аясында 8 медициналық ұйым экстракорпоралдық ұрықтандыруды жүзеге асыруда», – деді Т.Әбілдаев.

Тілеухан Әбілдаев биыл Алматыда дәрі-дәрмек сатып алуға 20 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінгенін айтты. Тегін дәрі-дәрмектермен қан айналымы жүйесі, ас қорыту органдары, қан өндіру органдары, эндокриндік жүйе аурулары, тамақтану және зат алмасудың бұзылуы, сүйек-бұлшық ет жүйесі және жүйке жүйесі аурулары, психикалық ауытқушылық, кейбір инфекциялық және паразиттік аурулар, ісіктер, тыныс алу органдарының аурулары, несеп-жыныс жүйесі және т.б. аурулары бар пациенттер қамтамасыз етіледі.

Мәселен, 2021 жылы ТМККК және МӘМС шеңберінде пациенттерді амбулаториялық деңгейде қамтамасыз ету үшін 24,8 млрд. теңге сомасында қаржы бөлінген. ТМККК аясында – 219 мыңнан астам пациент, МӘМС пакеті шеңберінде – 26 мыңнан астам ересек пациент, сондай-ақ 40 мыңнан астам бала қамтамасыз етілген.



АЛТЫН АСЫҚ

«Балалар – мемлекетіміздің жарқын болашағының кепілі. Сондықтан да 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялау керек деп есептеймін. Әңгіме жалаң ұран мен мерекелік шаралар туралы емес. Бірінші кезекте билік тарапынан балаларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытында нақты шаралар қолға алынуы керек. Өскекең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.



БІЗДІҢ БОЛАШАҒЫМЫЗ



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі ел тірегі. Олардың денсаулығы, білімі, әлеуметтік жағдайы мен қауіпсіздігі – үнемі назарда тұруға тиісті маңызды мәселе.

Өскекең ұрпақты қолдауға ерекше мән беру жас жеткіншектерге арнап түрлі мерекелік шаралар мен жиындар өткізу дегенді емес, керісінше, балалардың біліміне, денсаулығына айтарлықтай көңіл бөлу қажет екенін білдіреді.

ҰРПАҚ САУЛЫҒЫ МАҢЫЗДЫ

«Балалар жылы» аясында жүзеге асырылатын шаралар жетерлік. Солардың ішіндегі ең маңыздысы – сауықтыру мәселесі. Бүгінде елімізде денсаулығында кінәраты бар науқас балалар көп. Олардың барлығы емдомды қажет етеді. Арасында, тіпті үздіксіз ем алуға мәжбүр балалар бар. Мәселен, соңғы жылдары аутизммен ауыратын, сал ауруына шалдыққан балалардың қатары артқан. Оған нақты дәлел іздеп әуре болудың қажеті жоқ. Әлеуметтік желіні ашып қалсаңыз, баласына көптен көмек сұрап, жаныңды ауыртар көріністерді желіге жүктеген суреттер куә. Перзентінің дертіне шипа іздеп, арнайы мекемелердің есігін қағып, табанынан таусылып жүрген аналардың жанайқайын естігенде, қабырғаң қайысады-ақ. Өкініштісі де осы, ата-аналардың басым бөлігінде балаларын толыққанды емдетуге мүмкіндік бола бермейді. Айтуларыңша, медициналық қызметтің бағасы қымбат. Сол себепті, ата-аналар балаларын шет елдерде емдетуге мәжбүр. Егер өз елімізде балалардың тегін ем алуына, ақысыз ота жасалуына мемлекет тарапынан қолдау болса, ешкім мұхит асып, ақша шашпас еді. Әлбетте, бұл қазіргі таңда қолжетімді медициналық көмектің түрлері мүлде жоқ дегенді білдірмесе керек. «Мемлекет тарапынан көмек бар. Бірақ олар тым аз» дейді олар.

Өткен 2021 жылы Үкімет үйінде өткен отырыста 2022 жылға балалар арасындағы аурулардың алдын алу және ерте диагностикалау, оңалту, ауруды бала жастан бақылау бойынша шаралар қабылдау, мектеп медицинасын, ерте даму және скрининг кабинеттерінің, балалар үйлерінің, балалар стационарлары мен емханаларының материалдық-техникалық базасын жетілдіру бойынша жұмыстар жоспарланған еді.

«Темірді қызған кезде соқ» демекші, биылғы айтулы жылда денсаулық сақтау саласы мамандарынан медициналық көмекті қажет ететін сәбилерге мүмкіндікті арттыруды, ерекше балаларды қолдау мен сауықтыру, қоғамға бейімдеу бағытында нақты жұмыстарға басымдық берсе дейміз. Бұл баласының дертіне ем іздеген әрбір ата-ананың үкілі үміті нәм арманы. Өйткені, баланың саулығы бәрінен маңызды.

КЕРЕК ДЕРЕК

- Жаңа жыл түні Қазақстан бойынша 305 нәресте өмірге келген.
- Алматыда 2022 жылдың алғашқы онкүндігінде 929 сәби дүниесі ашылды.



ШАҒАРДА БАЛАБАҚША САНЫ АРТАДЫ

Баланың қоғаммен байланысы, көпшілік ортада өзін қалай ұстауы балабақшада қалыптасады. Сондықтан мектепке дейінгі мекемелердің бала өміріндегі орны ерекше.

Жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев мегаполистің әлеуметтік мәселелеріне кеңінен тоқтала келіп, қала халқының қарқынды өсуіне байланысты Алматыда мектептер мен балабақшаларда орын тапшылығы мәселесінің бар екенін айтты. Шаһар басшысының айтуынша, биыл Алматыда 10340 орынды 82 мектепке дейінгі мекемелерді ашу бойынша жұмыстар басталады. Оның ішінде 60 жекеменшік және 6560 орынды

2 мемлекеттік балабақша ағымдағы жылы пайдалануға беріледі. «Балалар жылымен» тұспа-тұс келген әлеуметтік мәселе осылайша шешімін таппақ. Бұл сандар Алматыдағы мектепке дейінгі мекемелер санын арттырып, баласы балабақша кезегінде тұрған ата-аналардың санын азайтатыны анық.

Қалалық білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаеваның айтуынша, бүгінде Алматыда барлығы 860 балабақша бар. Оған 71 538 бүлдіршін барады.

Көзіқаракты оқырманның есінде болар, 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап Мемлекет басшысының тапсырмасымен балабақша тәрбиешілерінің, мектептер мен колледждердің, сондай-ақ қосымша білім беру жүйесі педагогтарының жалақысы 25%-ға ұлғайды. Бұл да «Балалар жылы» аясында жүзеге асқан жағымды жаңалық.

ЖАЙЛЫ МЕКТЕП – САПАЛЫ БІЛІМ

Алматыда 291 жалпы білім беретін мектеп бар. Оларда 1-сыныптан 11-сыныпқа дейін шамамен 280 мыңнан астам бала оқиды.

Оқушының саналы білім алуына, мұғалімнің сапалы білім беруіне мектептің жайлы болуы маңызды. Бұл ретте шаһарда атқарылып жатқан шаруа көп. Мәселен, биыл оқушы орнының тапшылығын жою үшін шаһарда мектептер салу, қауіпсіз әрі жайлы білім беру ортасын құру және басқа да мәселелерді шешетін көптеген жұмыстар қолға алынған.

Шаһар басшысы Ерболат Досаевтың айтуынша, өткен жылы Алматыда 33 жаңа мектеп іске қосылған. Оның 6-ауында 15 719 жаңа

оқушы орны ашылып, нәтижесінде орын тапшылығы 46 пайызға азайған. Ал биылғы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қалада 19 611 оқушы орны жетіспейді. Бұл мәселені шешу мақсатында 2022 жылы 46 орта білім беру нысанының құрылысы жалғасады. Оның ішінде 14245 орынды 22 нысан жыл соңына дейін пайдалануға беріледі.

Бүгінде қаладағы 207 мемлекеттік мектептің барлығы қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейді. Осыған орай, наурыз айында 2 жылдық бағдарлама қабылдау жоспарлануда. Бұл 2023 жылдың 1 қыркүйегіне дейін қаланың барлық мектептерінде бейнебақылау камераларын ауыстыру, турниктер мен дабыл түймелерін орнату мәселелері толық шешілмек.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қазақы тәрбие беретін қойылым

«Алатау» дәстүрлі өнер театры Балалар жылының алғашқы премьерасын «Әугәй мен Игігәй» музыкалық ертегісімен бастады.

Халық ауыз әдебиетінің негізінде құрастырылған қойылым қазақ ән-би өнері мен бабалар тарихын дәріптейді. Қойылымның режиссері – актер, сықақшы Нұржан Тұтов. «Қазақ тәрбиесі бар ертегі ұсынып отырмыз. Бүгінде залымыз толы. Ертең де солай болмақ. 2 күндік премьерә өткіземіз. Балаларды тәрбиелеу орталықтарына,



жалпы ата-аналардың бәріне кеңес беремін. Келіп, балаларымен көріп кетсе, жақсылыққа жамандықпен жауап беруге болмайтынын үйреніп кетсе, «Алатау» дәстүрлі өнер театры ұжымының үлкен жетістігі болар еді деп ойлаймын», – дейді «Алатау» дәстүрлі өнер театрының директоры Ринат Зайытов.

ТЕГІН ҮЙІРМЕНІҢ БЕРЕРІ МОЛ

Мегаполисте балалардың қызығушылығын арттырып, уақытын тиімді пайдалану үшін тегін үйірмелер ашылған. Қазіргі таңда Алматыда домбыра, би, актерлік шеберлік, хореография, сурет секілді шығармашылық бағыттағы 36 үйірмеге 15 мыңнан аса кішкентай алматылық қатысуда. Ал 33 мыңнан астам бала спорттың 37 түрі бойынша үйірмелерге тегін барып жүр. Келушілердің санын арттыру үшін шаһарда 3600-ден астам жаттығу залы мен алаң ашылған. Бұл бағытта ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін де арнайы секциялар қарастырылған.

Биыл балаларға қосымша білім беру үшін мемлекеттік тапсырыс 73 147 орынға кеңейтіліп, 2 заманауи Инновациялық шығармашылық орталығының құрылысы, 4 оқушы үйін жаңғырту жұмыстары басталады. Бұл туралы қала басшысы Ерболат Досаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында айтқан болатын.

ҚОЛДАУҒА ЗӘРУ САЛА

Байқайсыз ба, қазір біздің кезіміздегідей асық ойнап, доп қуатын бала жоқ. Болса да ілуде біреу ғана. Есесіне, мектептен, балабақшадан келе салып, телефонға шұқшиятын бала көп. Бос уақытын кітап оқуға арнап жатқандар тым аз. Өйткені, оған үлгі болар ата-ана кем. Несін жасырайық, бүгінгінің үлкені де, кішісі де YouTube-қа тәуелді, Tik-Tok-қа әуес. Неге? Себебі, балаларды



қызықтыратын сапалы контент жоқтың қасы. Егер бізде қазақтың рухани, ұлттық және отбасылық құндылықтарын бала тілімен дәріптейтін анимациялық мультфильмдер мен ертегілер көптеп шығарылса, уақытымыз пайдасы жоқ дүниелерге кетпес еді. Ел боламыз десек, экранымызды түзейік. Балалар жылында кішкентай көрермендердің жүрегін жаулап алатындай қазақ ертегілерін экранға шығару, мультфильмге баса назар аудару қолға алынса, құба-құп.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙ – НАЗАРДАҒЫ МӘСЕЛЕ

Биыл баланың әлеуметтік жағдайына да баса назар аударылады. Атап айтқанда, қазақстандық балалар 2022 жылдан бастап тегін ұша алады. Бұл «Kids go free» («Балалар тегін саяхаттайды») бағдарламасы аясында жүзеге асырылмақ. Отандық туризмді дамытуды көздейтін бағдарлама отбасымен саяхатқа шығатын жандарға 2 жастан 14 жасқа дейінгі балалары үшін әуе билетін тегін береді. Мәдениет және спорт министрлігінің болжамынша, бұл демалысты 30 пайызға дейін арзандатуға мүмкіндік береді. Мұны да «Балалар жылындағы» жағымды жаңалықтардың бірі деуге болады. Әлеуметтік жағдайға байланысты тағы бір ақпаратты айта кеткен жөн. Ол биылдан бастап балалардың әлеуметтік жәрдем-ақысы өсуі.



Алматылықтарды не толғандырады?

ЖЕТИСУ АУДАНЫ



Ашық люк қауіпті

Жетісу ауданына қарасты Күдерин көшесінің бойындағы люк қақпағы шеті жартылай сынып, жартылай ашық жатқанына 3 айдан астам уақыт өтіпті.

Аудан тұрғыны Сәбира Жексенқұлованың айтуынша, өткен жылдың қараша айында мәселе бойынша Жасыл экономика басқармасына хат жолдаған. Бірақ құзырлы органның абаттандыру бөлімінен ешқандай жауап келмеген.

– Көше бойында кәріз құдығы қақпағының ашық жатуы адам өміріне қауіпті. Люктің жартылай ашы-

лып жатқан жеріне кез келген адам аяғын мертіктіріп алуы мүмкін. Оның үстіне қазір қар жауып, люктің беті көрінбей қалды. Ашық тұрғанын байқамаған бүлдіршіндер зардап шегуі әдбеп мүмкін, – деді тұрғын.

Құдық қақпақтарының ашық қалуы – қалада орын алып жатқан алғашқы мәселе емес. Осыған ұқсас жағдай Қарасай батыр көшесі мен Мұратбаев көшелерінің киілысында да туындап отыр. Тұрғындар кәріз құдығының қақпағын таспен бітеп қойғандарын айтады. «Жауапты басқармаларға қанша хабарлассақ та, мәселенің шешілер түрі жоқ», – дейді олар.

АЛАТАУ АУДАНЫ

Батпақты саз кешіп...



Қаладағы автокөлік бөлшектерін сататын «Жібек жолы» базарының саудагерлері маңайды шалшық су басып жатқанын суретке түсіріп жіберіпті. Суреттерден төселген жолдың ойықтарынан базар алаңы көлшікке айналғанын көруге болады. «Әсіресе, қар жауғаннан кейін бұл жермен жүру өте қиын. Көліктер зу етіп өте шыққанда үстіне шалшық су шашырап, әуреде түсесін», – дейді саудагерлер.

– Көлшік судан ары-бері жүру мүмкін емес. Базар басшылығына қанша айтсақ та, мәселе шешілер емес, – дейді Ақылбек Ісбасаров.

Апта басында жауған қардың салдарынан базар алаңының жағдайы тіпті нашарлап кеткен. Алайда, бұл жағдайға жауапты басшылар үн қатпай отыр.



АЛҒЫС

Ұрыны ұстап алды



Қазір абайламаңыз ұры да, алдап-арбап тонаушы да көп. Вера Харути есімді қала тұрғыны әлеуметтік желіге кеше ғана орын алған оқиға туралы жазыпты. Абырой болғанда, ешкім зардап шекпеген. Керісінше, қарапайым ғана еңбек адамдарының арқасында ұрыны қолға түсірген. Қазақ жігіттерінің табандылығы мен батылдығына разы болған желі қолданушы көп алдында алғыс білдіргенді жөн көріпті.

– Жұрттың тыныштығын алып, барын үнтеп кететіндер тапа-тал түсте де ұрлық жасай береді екен. Кеше біз тұратын үйге ұры түсті. Көмек сұрап айқайлаған тұрғындардың даусын естігенде аула сыпырушымыз Жүніс Жарас пен elektrik Алтай Құсайынов дереу көмекке келді. Ұрыны ұстап алды. Екі азамат та «МобилХаус Менеджмент» ЖШС-інде жұмыс істейді. «Жанында жүр жақсы адам» деген осы ғой! Елден еш көмегін аямайтын, кез келген уақытта қолұшын созатын қарапайым жігіттерге біз ризамыз! Аман болсын. Оларды тәрбиелеген ата-аналарына және еңбегіне адал, адамгершілігі мол жұмысшы тобы бар компания басшылығына «Алматы прогресс» МИБ атынан алғыс айтамыз!

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ

Жолда абай болыңыз!

Қалада қар тазалау жұмыстары қанша жүргізілсе де, ол сіздің жолдағы қауіпсіздігіңізге жауап бере алмайды. Сондықтан жолда абай болыңыз! Себебі, тротуарларда мұз қатып, көктайғақ болуы мүмкін. Осыған орай мамандар жүргізушілерге жылдамдықты төмендетіп, көліктер арасында қашықтықты сақтауға және кенеттен маневр жасамауға кеңес береді. Көлік тізгіндегендерді жол үстінде, жаяу жүргіншілерді көшеде жүргенде барынша абай болуға шақырады.



БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ

Қайда орналастырамыз, мәселе сонда...

Алматылық Ақсұңқар Қалмұратова қаланың орталығындағы кейбір көріністерге көңілі толмайтынын айтады. Ол элиталық аудан саналатын жерлерде биотуалеттердің тұрғанына қарсылығын білдіріп, былай дейді:

– «Алтын адам» ескерткішінің төмен жағында К.Байсейітова атындағы көше бар. Сол көше бойымен төмен жүрсеңіз, Абай даңғылына дейін жалғасқан шағын аллея-саябақты көресіз. Міне, сол аллея басталар



тұста, яғни «Алтын адам» ескерткішінің арт жағындағы субұрқаның дәл қасына биотуалет қойылыпты. Бұл жер көпшіліктің серуендеп, таза ауамен тыныстауына арналған мәдени орын емес пе? Жазда мұнда түрлі қызықты іс-шаралар ұйымдастырылып, концерттер болып тұрады. Ескерткіштің жанына келіп суретке түсушілер де көп. Аллеяның екі жағындағы көшелермен түтінін будақтатып өтетін көліктерге тыйым сала алмай жүргенде, оған мына дәретханалар қосылыпты. Бұған кім және қандай құзырлы орган рұқсат берді екен?

Қала тұрғынының сөзін қолдап, бірнеше алматылық былай жалғастырған екен.

Айгүл ЕРГЕНОВА:

– Ол жерде балалар емханасы орналасқан. Дәретхананың қасымен жүргіміз келмейді. Бәлкім, мұндай дүңгіршектерді сол маңдағы жерасты өткеліне орналастыру керек шығар. Онда паркинг пе, әйтеуір бір орталық бар ғой.

Oleg Lvov:

– Олардың 99,9% жұмыс істемейді.



Берік ҚҰРАЛБАЙ:

– Бізге Еуропа елдеріндегідей қоғамдық туалеттер қажет. Оларда дәл қаланың ортасында тұрса да еш оғаштығы байқалмайды. Мәселен, немістер туалеттің сыртын жарнама тақтайы ретінде пайдаланады.

Ақсұңқар Қалмұратованың сауалына әкімдік жауап беріпті. Айтуларынша, биотуалеттер көктемге дейін қосылуы тиіс. Қазір оларды іске қосуға арналған жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ал тұрғынның өтініші бойынша жоғарыда аталған дәретхананы әкімдіктегілер 1 наурызға дейін алып тастауға уәде беріпті. Алматыға биотуалет керек. Бірақ оны қайда орналастырамыз, сол мәселе болып тұр.

Әзірлегендер Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ,
Айжан БҮРКІТБАЕВА.



«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

Құрметті 2022 жылға бір жылға жазылған жазылушылар!
Жеңімпаздарды анықтау 2022 жылдың 10 наурызына ауыстырылды. Ол «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 17 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде
Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 10 айға – 6005 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 10 айға – 16205 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 10 айға – 4405 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

● БӘРЕКЕЛДІ!



Сүйекті қалпына келтіреді



Әсел
ДАҒЖАН

**Қазақстандық ғалым сынықтардың жазылуын
тездететін бірегей гель ойлап тапты.**

Бұл туралы Білім және ғылым министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Ұлттық биотехнология орталығының ғалымы Вячеслав Огайдің жасушалары арқылы күрделі сынықтарды қалпына келтірудің бірегей технологиясын ойлап тапты. Ол сынықтар мен зақымдалған тізе буындарының жазылуын тездететін гидрогель ойлап тапты. Арнайы технологияның арқасында операциядан кейін 3-6 ай ішінде сүйек пен шеміршек тіні қалпына келеді. Клиникаға дейінгі зерттеулердің нәтижелері препараттың жоғары тиімділігін растады. Бұл туралы Білім және ғылым министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

«Жаппай сүйек ақауларын қалпына келтіру травматология мен ортопедиядағы күрделі және толық шешілмеген мәселелердің бірі болып қала береді. Емдеу үшін сүйек алмастырғыштарын қолдана отырып, остеопластиканың әртүрлі әдістері жиі қолданылады. Бірақ бұл операция сүйекті толық қалпына келтірмейді. Біз сүйек ақауларының жаппай қалпына келуіне ықпал ететін технология жасадық. Бағаналық жасушалар мен табиғи биополимерлер зақымданған сүйек немесе шеміршек тінін қалпына келтіру процесін жеделдетеді», – деді ғылыми жаңалықтың авторы, Ұлттық биотехнология орталығының бағаналық жасушалар зертханасының меңгерушісі, профессор Вячеслав Огай.

Ғалымның айтуынша, гидрогельдер сүйек тінін жасауда қаңқа ретінде қолданылады. Құрылымында олар дәнекер тінінің негізіне ұқсас, сондықтан барлық биоматериалдар арасында жасуша трансплантациясы үшін қолайлы.

Қазір алғашқы операцияларды бағаналық жасушалар негізінде гидрогель арқылы жүргізу жоспарлануда. Бұл технология травматология мен ортопедиядағы медициналық қызмет деңгейін айтарлықтай арттырады деп күтілуде. Препарат мамандандырылған ауруханалар мен ғылыми медициналық орталықтарда қолданылады.

Алматы қаласы Мәдениет басқармасы, 050001, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 56, 4037-кабинеті, анықтама телефоны: 291-35-61, Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 63 мекенжайы бойынша орналасқан «Мемлекеттік куыршақ театры» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры бос лауазымына конкурс жариялайды. Қосымша ақпаратты Алматы қаласы Мәдениет басқармасының сайтынан алуға болады <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-madeniet>

Алматы қаласы Мәдениет басқармасы, 050001, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 56, 4037-кабинеті, анықтама телефоны: 291-35-61, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 50 мекенжайы бойынша орналасқан «Қазақ мемлекеттік циркі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры бос лауазымына конкурс жариялайды.

Қосымша ақпаратты Алматы қаласы Мәдениет басқармасының www.almatymadeniet.kz сайтынан алуға болады.

● ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

**2022 ЖЫЛҒЫ 18 АҚПАНДАҒЫ
МӘЛІМЕТ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАНДА PFIZER
ВАКЦИНАСЫН АЛҒАН АДАМДАР САНЫ**

Барлығы:
I компонент: 779 558
II компонент: 509 471

Жасөспірімдер	Жүкті әйелдер	Бала емізетін аналар
I компонент: 647 438	I компонент: 30 005	I компонент: 99 921
II компонент: 422 339	II компонент: 20 788	II компонент: 66 298

● ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛІМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Сабина ЖАБЫКАНОВА
тел.: 232-36-56. e-mail:
zhbkvn@mail.ru

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта» АҚ
Алматы поштамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефонда-
ры арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қо-
ғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Akshamy» ЖШС.
almaty-aqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА**

Газет Қазақстан Республикасы-
ның Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80ВР00026040
күзегі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын білдір-
мейді.

Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табак.



МАРАФОН

ЖЕЛМЕН ЖАРЫСҚАН ЖЕЛАЯҚ

Гиннесс рекордтар кітабына 7 мәрте енген қазақ

«Бұқа көтергің келсе, бұзау күнінен баста» дейді халқымыз. Сол секілді, қандай да бір спорттық нәтижеге жету үшін күнделікті тер төгу қажет. Оған Марат Жыланбаевтың өмір тәжірибесі жарқын мысал болады.



Марат Төлегенұлы Жыланбаев – Гиннесс рекордтар кітабына 7 мәрте енген қазақ спортшысы. Өз мамандығы суретші болса да, марафон жүгіруден талай рет рекорд орнатқан. Рекордшы ағамыздың жетістіктерінің сыры күнделікті еңбек етуде екен.

Мектеп шағында Марат Жыланбаев белтемiрге алты, ал жолдасы он екі рет тартылатын болған. Сол күндердің бірінде марафоншы ағамыз бағанағы досымен 100 реттен бастап, әр келесі күні 10 мәрте қосып күнделікті тартылатын болып келіседі. Яғни бір дегеннен 100 мәрте емес, 1 күннің ішінде қалаған уақытында қалағанша тартылады. Бастысы, күн соңында белгілеген межеге жетсе болды. Осы ереже бойынша Марат жолдасымен бірге күнделікті жаттығуға кірісіп кетеді. Алайда, 3 күннен кейін құрбысы бұл істі тастайды. Ал рекордшы ағамыз оған қарамастан алған

бетінен қайтпай тер төгеді. Сөйтіп жүргенде, 1 ай өте шығып, мектептің нормативтік сынағының уақыты келеді. Нәтижесінде Марат 6 рет, ал досы 14 рет белтемiрді басынан асырады. «Күнделікті жаттығуының нәтижесі осы ма?» дегендей сыныптастары оның үстінен күлген екен. Мұндай масқарадан кейін Марат Жыланбаев темiрге жоламай бірнеше күн қолын демалдырады. Сөйтіп жүргенде, дене шынықтыру мұғалімі оған белтемiрге қайта шығып және бір күшін көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл жолы ол не 6 емес, не 10 емес, бір дегеннен 50 мәрте бір-ақ тартылады. Сонда ұстазы да, марафоншы ағамыз да төбеден түскендей таңқалған. Ол бұдан кейін де талайды таңдай қақтырып, әлемдік рекордтар орнатты. Оның әрқайсысы үшін де рекордшы ағамыз күнделікті жан аямай еңбек етіп, тер төккені сөзсіз!

БЕЙЖІҢ-2022



«СПОРТ БӘРІНЕ ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛУЫ КЕРЕК»

1994 жылғы олимпиада чемпионы Владимир Смирнов Қазақстан құрамасының Бейжіңдегі жетістіктеріне баға берді.

Бейжіңде бүгінгі күнге дейін бірде-бір медаль алмағанымыз әрине, өкінішті. Бірақ бір жағынан, нәтиженің мұндай болатыны белгілі еді. Осыған дейінгі жарыстарға қарап үлкен нәтижелерге үміттену қиын болды. Дегенмен, келесі олимпиадаларда Қазақстанға жүлде әкелетін жаңа жұлдыздардың пайда боларына сенемін. Ол үшін еліміз жаңа таланттарды тынбай іздеп, қысқы спорт түрлеріне инвестиция салу керек. Мемлекет тарапынан қажырлы еңбек болмаса, ешқандай жүлде де болмайды.

Ата-аналар өз балаларын қысқы спорт үйірмелеріне беруден қорықпайды. Бұл жерде мәселе тек ақшаға тіреледі. Өмір тәжірибесі ауқатты адамдардың балалары спорттық жетістіктерге жиі жете бермейтінін көрсетуде. Керісінше, күнделікті қиындыққа төтеп беріп, еңбек етуден қорықпайтын қарапайым отбасынан шыққандар биіктерді бағындырады. Сол үшін жастар мен балалар арасындағы спортқа деген қызығушылықты арттыру қажет. Қысқы спорт бәріне қолжетімді болуы керек.



ДЗЮДО

ЖҮЛДЕЛІ ЖАРЫС

Тель-Авивте (Израиль) өтіп жатқан «Grand Slam» халықаралық турнирінің бірінші күні Қазақстан дзюдошылары алғашқы жүлделерін жеңіп алды.

Екі жүлде де ел қоржынына 60 келіге дейінгі салмақта салынды. Мағжан Шамшадин жеңіс тұғырының үшінші сатысына қарсылықсыз көтерілді. Спортшымыздың қарсыласы Карамат Гусейнов (Әзербайжан) қола үшін белдесуге шықпады.

Осы салмақтың шешуші кезеңінде Бауыржан Нарбаев бақ сынады. Оның қар-

сыласы украиналық Артем Лесюк болды. Белдесу Лесюктің мерзімінен бұрын жеңісімен аяқталып, Нарбаев жарысты күміспен аяқтады.

Айта кеткен жөн, Ғұсман Қырғызбаев 66 келі салмақта қола жүлде үшін белдескен еді. Өкінішке орай, украин спортшысы Богдан Ядов одан басым түсті.

БІЗДІҢ ЧЕМПИОН

ҚАЗАҚ – РУХТЫ ХАЛЫҚ



Қазақ рухты халық. Батырлар мен даналардың ұрпағы. Жаугершілік кезеңде найза ұшы, білек күшімен елді қорғады. Баһадүрлік қасиет қанмен сіңеді. Бұл – анықталған аксиома.



Бүгінгі заман бәсекестіктің қызған шағы. Ол барлық салада етек алған. Ал спортта жетістіктеріміз аз емес. Оның ішінде ережесіз жекпе-жекпен көк байрағымызды баршаға танытып, ұлттық құндылықтарымызды насихаттап жүрген рухты, жүректі, білекті, иманды жігіттеріміз аз емес. Бүгінгі кейіпкеріміз, талай додаларда топ жарып жүрген оғлан Шавкат Рахмонов жайлы болмақ.

ҒҰМЫР ЖОЛЫ

Ашық дереккөздер айтқандай, батырымыз 1994 жылы 23 ақпанда, Өзбекстанның Сухандария өңірі, Шыршыда қазақ отбасында дүниеге келген. Құжат берген кездегі тегінен қате жазылып кеткен. Негізі – «Рахман». Аулада оған үнемі төбелесуге тура келген. Әйтпесе, өзінен күшті балалардың соққысын жейтінін түсінген. 12 жасынан бастап ережесіз жекпе-жек сайыстарына қызыққан. 2010 жылы отбасы атамекеге оралады. Ол Қарағанды базарларында арбамен жүк тасып, ауыр еңбектен өткен. Сонымен қатар, спорт залдарына баруды ұзбеген. Осылайша самбо мен боксқа қатынасқан. Кейде күніне екі мезгіл жаттығу залына баруға тура келсе де, уақыт тауып жаттығудан қалмаған. 16 жасында арнайы спорт жолына түседі.

МАНСАПТЫҢ БАСТАУЫ

Әр спортшының шамшырағын жағатын әуелі ынта-жігері, содан кейін білікті бапкері екені анық.

Оның отбасы 2013 жылы Көкшетауға қоныс аударады. Онда жаттықтырушы Баян Жанғаловтың танысып, құрамасына кіреді. Сонымен бірге, спорт саласында жоғары білімді қатар алады. Жаттығады, оқиды, мақсатына жетуді көздейді. Біртіндеп қажыр-қайраттың нәтижесі байқала бастайды.

Бауырымыз 19 жасында аралас жекпе-жекпен әуесқойлар арасындағы алғашқы жеңісіне Санкт-Петербургте қол жеткізеді. Бұл сайыста қайрат пен шапшаңдықты қатар көрсетеді. Қарсыласы Ахмеддин Мирзадавадовты сұлатып салады.

Алғашқы рет 2014 жылы қазан айында ол M-1 Global промоушенінде дебют жасады, онда Адам Цуровты ауыр ұстау (үшбұрышты тұншықтырғыш) арқылы мерзімі-

нен бұрын жеңді. Ол UFC-дегі дебютін 2020 жылдың 24 қазанында UFC 254 оқиғасында өткізді: Хабиб – Гэтжи Алекс «Ковбой» Оливейраға қарсы. Сондай-ақ, ғажайып тәсілдерді қолданып 2-раундта 2:10 есебімен бағыну (гильотина дроссель) арқылы жеңді.

Шавкат UFC-дегі үшінші жеңісіне жетіп, тағы бір сатыға көтерілді. Нақтырақ UFC Vegas 47 турнирінде жартылай орта салмақта бақ сынайтын отандасымыз, ғайандық Карлстон Харристі бірінші раундта ұтты. Қазақтың батыр ұлы, MMA-да өткізген 15 жекпе-жектің барлығында мерзімінен бұрын жеңіске жеткен. Осылайша 34 жастағы Харрис 17 жеңісімен мансабындағы бесінші жеңіліске ұшырап, жерлесімізден айласын асыра алмады.

ҰЛТТЫҚ НАМЫС

Әлгінде бабаларымыздың намысты, рухты болғандығын тілге тиек еттік. Ол жағы шындық. Қазіргі таңдағы жастарымыздың бойында намыс қайнап, ұлттық рухтың оты алаулап келеді. Оған күн өткен сайын куә болудамыз.

Шавкат халқымыздың нағыз батыры, әстері жастарға үлгі. Кавказдық Хабиб Нурмаганбетов папахасын әр жарыста насихаттап, киіп шықты. Сондай ұлттық құндылықтың әлем алдында насихатталуын біздер де күтіп жүрдік. Рухты һәм жүректі спортшы Шавкат Рахманов қазақтың бөрік (тымақ) бас кимін киіп, бәрін тәнті етті. Спорт сүйер қауым ұлттық жәдігерлерімізге назар аудара бастады. Ол алғаш болып өзіміздің дәстүрлі құндылығымызды жалғаған азамат.

Тағы бір мысал кетірейін. Кезекті жеңістерінен кейін өзін сынаушылар мен мінеушілерге қайрылды. Әлеуметтік желі қолданушыларына өзінің «Нағыз қазақ» екенін айтты. Жеңістерімен дәлелдеп келеді. Ұлтымызда осындай қазақы намыс-

ты жігіттердің көп болғанына қуанамыз. Мың шүкір!

ТҮЙІН: Алмағайып заманда жасөрендерге рух пен қайрат беретін жаста болса тұлға керек. Мұны уақыттың талабы дер едік. Біздің жұрт батырға кенде емес-ті. Спорт жанкүйерлеріне танымал Арман Оспанов, Жалғас Жұмағұловтар биіктерді бағындырып жүр. Алғашқылардың бірі болып UFC-мен келісім-шарт жасаған Шавкаттың жөні бір бөлек. Батырдың спорттағы жетістіктері жасөрендерге өнеге-үлгі екені ақиқат. Әр қарақөздеріміз батыр, отансүйгіш, адал азамат боп қалыптассын демекпіз.

Бетті дайындағандар
Досбол АТАЖАН, Олжас ЖОЛДЫБАЙ.